



Қазақстан Республикасында экспорттық бақылауға жататын өнімнің тізімін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 18 тамыздағы N 1282 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 5 ақпандағы N 104 Қаулысымен

Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.02.05. N 104 (2008 жылғы 9 ақпаннан бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

"Қару-жараққа, әскери техникаға және екіұдай мақсаттағы өнімге экспорттық бақылау туралы" Қазақстан Республикасының 1996 жылғы 18 маусымдағы Заңына сәйкес, экспорттық бақылауға жататын өнімнің номенклатурасын анықтау мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасында экспорттық бақылауға жататын өнімнің тізімі бекітілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап үш айдан кейін күшіне енеді.

*Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Премьер - Министрінің*

бірінші орынбасары

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Ү к і м е т і н і ң 2 0 0 0 ж ы л ғ ы
1 8 т а м ы з д а ғ ы
N 1 2 8 2 қ а у л ы с ы м е н
бекітілген

Қазақстан Республикасында экспорттық бақылауға жататын өнімдердің тізімі

Тізімде пайдаланылатын терминдердің анықтамалары Жақшаларда осы терминдер қолданылатын Тізімнің санаттары келтіріледі. "Мақсатты автоматты сүйемелдеу" (6)- мақсаттың уақыттың нақты ауқымындағы мейлінше ықтимал жағдайының экстраполироволды мәнінің шығу сигналы ретінде автоматты түрде айқындайтын және қамтамасыз ететін өңдеу әдісі. "Бейімделгіш басқару" (2)- оның жұмыс істеу уақытында өлшенген, параметрлерге (шарттарға) сәйкестікке ыңғай танытатын жауап (ISO 2806- 1980). "Ұшуды басқарудың белсенді жүйелері" (7) - бірнеше өлшеу бергіштерінің шығу сигналдарын дербес өңдеу арқылы "ұшу аппаратының" және ракетаның қолайсыз ауытқуларын немесе құрылымдық жүктемелерін болдырмау үшін және автоматты бақылауды жүзеге

асыру мақсатында қажетті ескерту командаларын беру үшін жұмыс істейтін жүйелер. "Белсенді пиксель" (68) - жарықтық (электромагниттік) сәулелену әрекеті кезінде фотоэлектрлік беру функциясына ие қатты денелі тордың ең аз (жалғыз) элементі. "Сигналдарды талдауыш" - көп жиілікті сигналдың бір жиілікті модасының негізгі сипаттамаларын өлшеуге және бейнелеуге арналған аппаратура (3-Санат). "Берудің асинхронды режимі" ("БАР") (5) - ақпарат ұяларға топтастырылатын беру режимі; бұл режим ұялардың қайталанушылығы деректерді берудің талап етілетін немесе сәттік жылдамдығына байланыстылығы тұрғысында асинхронды болып табылады. "БАР" - "Берудің асинхронды режимі" . "Ауыспалы геометриялы аэродинамикалық бейіндер" (7) - жай-күйі ұшуда реттелінетін жабуларды не триммерлерді, не жабық алдындағыларды немесе тұмсық бөлігінің бұрышын шарнирлі реттеуді қолдану. "Соғу" (2) - айналаның сыртқы немесе ішкі үстіңгі бетінде өлшеу нүктесінде шпинделдің перпендикулярлы білігінің жазықтығында өлшенген негізгі шпинделдің бір айналымдағы радиалды өзгеру (көзі - ISO230/1-1986, 5?61) "Жіп" - "жалғыз талшықты" байланыстырушы, әдетте паралельдікке жақын (1-Санат). "Қоғамдық салада" (бүкіл Тізім) - одан әрі таралуына шектеу қойылмайтын "технологияны" немесе "бағдарламалық қамтамасыз етуді" білдіреді (авторлық құқықтарға байланысты "технологияны" немесе "бағдарламалық қамтамасыз етуді" жалпы қол жететін санаттан шығармайтын шектеулер). "Вакцина" (1) - адамдардың немесе жануарлардың сырқаттануын болдырмау үшін қорғаныштық иммуннологиялық әрекетін ынталандыруға арналған дәрілік зат. "Вакуумдық тозаңдану" (1) - қорытпа ағынының вакуумның әрекет етуі кезінде сұйық газ бөле отырып 500 мкм немесе одан кіші диаметр тамшыларға тозаңдану процесі. "Өзара байланысты өлшемді РЛС" (6) - екі немесе одан көп өлшемдік РЛС уақыттың нақты ауқымында ақпараттармен өзара алмасқан жағдайда өзара байланысты деп есептеледі. "Ішкі магнитті градиометр" (6) - магниттік өрістің градиентін өлшейтін бөлек элемент және онымен байланысты электронды блок, оның шығу сигналы магниттік өрістің градиентінің өлшемі болып табылады.

Ерекше ескерту: сондай-ақ "магниттік градиометрді" қараңыз. "Ішкі қаптау" (9) - қатты ракета отыны мен корпусының немесе оқшаулымы қаптаудың арасындағы үстіңгі бет. Әдетте бұл отқа төзімді немесе оқшауламалық материалдардың негізіндегі сұйық полимер, мысалы, түпкі корбоксилді топтарымен көміртегі толтырылған полибутадиен (КТКП) немесе тозаңданатын немесе вулканизациялық қоспалармен корпустың ішіне орналастырылған басқа полимер . "Талшықты немесе жіп тәріздес материалдар" (0,1,8) - мыналарды қамтитын

м а т е р и а л д а р :

а . Бірыңғай "жіптер" ;

б. Бірыңғай тоқыма және ұршық;
в. "Жол жіптер", маталар, өздігінен болған құрылымның кездейсоқ торшалары мен таспалары;

г. Мақта мата және зығыр кенді талшықтары;
д. Кез келген ұзындықтағы армирлейтін талшықтар, жалғыз және көп кристалділер;

е. Хош иісті және полиамидті целлюлоза;
"Негізгі қисындық элементті кідірту уақыты" (3) - "тұтастай құйылған интегралдық схемалардың" "үйірінде" пайдаланылатын негізгі қисындық элемент арқылы сигналдың тиісті өтуіне кідірту уақыты. Ол осы "отбасы" үшін немесе сигналдың өтуінің кідірту уақыты арқылы үлгілік қисындық элемент арқылы не қисындық элементтің өтуінің кідіруінің үлгілік уақыты арқылы айқындалуы мүмкін.

Ерекше ескерту: "Негізгі қисындық элементтің кідіру уақытын" күрделі "тұтас құйылған интегралдық" схемалардың шығу және кіру сигналдарының арасындағы кідіру уақытымен шатыстырмау керек

"Кең ауқымды үзілудің латенттілігінің уақыты" (4)- компьютерлік жүйе қандай да бір болмасын оқиғалардың салдарынан болатын үзілісті танитын, үзіліске қызмет көрсететін және үзілуді күте отырып жадта резиденттік күйде болатын басқа міндетті өңдеуге контекстік көшуді орындайтын уақыт.

"Жиілікті қосу уақыты" (35) - мынадай сипаттамалардың кез келгеніне қол жеткізу үшін бір жиіліктен басқасына қосылуы кезінде шығу сигналына талап етілетін барынша көп уақыт (мысалы, кідіру):

а. Оның түпкі мәнінен 100 Гц шегіндегі жиілік; немесе

б. Түпкі мәнінің деңгейінен 1 дБ шегіндегі деңгей;

"Орнығу уақыты" (3) - шығу сигналына өзгергіштің кез келген екі деңгейінің арасында қайта іске қосылу кезінде оның түпкі мәнінен биттің жартысының деңгейіне қол жеткізу үшін талап етілетін уақыт.

"Есептеу элементі" (4) - арифметикалық немесе қисынды әрекеттерді орындайтын ең аз есептеу бірлігі.

"ЕЭ" - "есептеу элементі".

"Газдық тозаңдану" (1) - балқытылған металл қорытпаның ағынының жоғары қысымдағы газдық ағында 500 мкм немесе одан кіші диаметрдегі тамшыларға тозаңдану процесі.

"Буданды интегралды схема" (3) - интегралдық схемалардың немесе "схема элементтері" немесе "дискретті компоненттері" бар, белгілі бір функцияларды орындау үшін бірге құрамдастырылған және барлық мынадай сипаттамаларға ие интегралды схеманың өздігінен болатын комбинациясы:

- а. Кем дегенде бір корпуссыз құрылғысы бар;
- б. Компоненттер бір-бірімен интегралдық схемалар өндірісінің үлгілік әдістерін пайдалана отырып қосылады;
- в. Бірыңғай тұтастық ретінде ауыстырылады; және
- г. Қалыпты жағдайда бөлшектенуге жатпайды.

Ерекше ескерту: 1. "Схема элементі" бөлек белсенді немесе электрондық схеманың пассивті деталі, бір диод, транзистр, резистр, конденсатор және осы секілділер.

2. "Дискретті компонент" - өзінің сыртқы шығуларымен бөлек корпустағы "схеманың элементі".

"Будан ЭЕМ" (4) - мынадай барлық функцияны орындауға арналған жабдық:

- а. деректерді қабылдау;
- б. ұқсас, сондай-ақ сандық көріністерде де деректері өңдеу; және
- в. деректердің шығуын қамтамасыз ету.

"Ғарышта қолдану үшін жарамды" (6) - 100 км немесе одан астам биіктіктерде жұмыс істейтін спутниктерді немесе биіктікті ұшу аппараттарын ұшыру және өрістету кезінде қолдануға арналған жұмыс істеу шартында арнайы электрлік және механикалық талаптарға немесе жұмыс істеу талаптарына сәйкестікке жобаланған, жасалған және сынақтан өткізілген жабдық.

"Ыстық изостаттық модификация" (2) - құйылатын нысандарда ішкі жақтауларды төмендету немесе жою үшін барлық бағыттар бойынша тең күштер құруға арналған түрлі орта арқылы (газ тәрізді, сұйық, қатты бөлшектер және басқалар) дерметикалық көлемде 375 К (102 0 С) жоғары температура кезінде құйылатын қалыптарды сығымдау процесі.

"Қатысушы мемлекет" (7,9) - бұл Вассенар Уағдаластығының қатысушысы болып табылатын мемлекет.

"Азаматтық ұшу аппараттары" (1,7,9) - коммерциялық азаматтық ішкі және сыртқы авия желілерде немесе заңдастырылған азаматтық жеке меншік пайдалануға арналған немесе бизнес мақсаттары үшін ұшуға жарамды жарияланған сертификацияланған ұшу жарамдылығының тізімдерінде белгіленген сәйкестікке саналамаланған "ұшу аппараттары".

Ерекше ескерту: Сондай-ақ "ұшу аппараттарын" қараңыз.

"Ұшуды басқару жүйесінің оптикалық бергіштер тобы" (7) - "лазердің" сәулесін пайдаланатын нақты уақытта бортта өңдеу үшін ұшуды басқарудың деректерін қамтамасыз ететін бөлінген оптикалық бергіштердің желісі.

"Қысым бергіштері" (2) - электр сигналында қысым өлшемдерін түрлендіруге арналған құрылғылар.

"Деформацияланатын айналар" (6) - (сондай-ақ адаптивті оптикалық айналар белгілі ретінде) - мыналар бар айналары:

а. Үстіңгі бетін бір үздіксіз оптикалық көрсететін үстіңгі бет, ол жекелеген күш қолдану немесе айнаға құлайтын оптикалық сигналдың бұрмалануларын өтеу үшін бұрайтын сәттер арқылы серпінді түрде деформацияланады; немесе

б. Көп элементті оптикалық гидрлегіштер, олардың күйі бөлек және тәуелсіз жекелеген күш қолдану немесе айнаға құлайтын оптикалық сигналдың бұрмалануларын өтеу үшін бұрайтын сәттер арқылы өзгереді.

"Динамикалық адаптивтік маршруттау" (5) - желінің жұмысының ағымдағы жағдайларын өлшеу мен талдаудың негізінде хабарлауларды берудің маршрутын автоматты түрде өзгерту.

Ерекше ескерту: Алдын ала бар болған ақпараттың негізінде хабарлауларды берудің маршрутын өзгерту туралы шешімдер жағдайы бұған кірмейді.

"Сигналды динамикалық талдауыштар" (3) - "сигналдың талдауыштары" олар оның амплитудасы мен фазасы туралы ақпаратты қоса алғанда осы сигналдың фурье-спектрін алу үшін сигналдың сандық таңдалымын және оны түрлендіру әдістерін пайдаланады.

Ерекше ескерту: Сондай-ақ "сигналдың талдауыштарын" қараңыз "Диффузиялық пісіру" (1,2,9) - қатты денелі молекулярлық қосылыс, кем дегенде мейліншік әлсіз материалдың байланыс күшіне баламды жалпы күшпен бірыңғай біртұтас екі металл.

"Импульстің ұзақтығы" (6) - импульстың толық ұласуынан жартысы бойынша өлшенген лазерді зерделеу импульсының ұзақтығы.

"Дайындамалар" (6) - тұтастай құйылған массалар, олардың мөлшері айна немесе мөлдір оптикалық терезелер секілді оптикалық элементтерді өндіруге сай келеді.

"Ақпараттарды қорғау" (4,5) - ақаулықтардың алдын ала алатын құралдар мен функцияларды қоспағанда ақпараттың немесе байланыстың қол жетімділігін, құпиялығын немесе бүтіндігін қамтамасыз ететін барлық құралдар мен функциялар. Оған "криптография", "криптоталдау", өзінің шағылысуынан қорғау және компьютерді қорғау кіреді.

Ерекше ескерту: "Криптоталдау": криптографиялық жүйелерді немесе ашық мәтінді қоса алғанда құпия параметрлерді немесе сезімтал ақпаратты алу мақсатында оның кіру және шығу сигналдарын талдау.

"Синхронды цифрлық беру иерархиясы" (5) - ортаның түрлі үлгілері бойынша синхронды берудің форматын қолдана отырып цифрлық трафиуттің түрлі нысандарын басқаруға, тығыздауға және қол жеткізуге арналған құралдарды қамтамасыз ететін сандық берудің иерархиясы. Формат МККТТ G 703, G 708, G

709 және басқалардың ұсынымдарымен айқындалған, әлі жарияланбаған синхронды берудің транспорттық берудің модуліне негізделген. Синхронды цифрлық берудің иерархиясындығы бірінші деңгей 155,52 М битт/с "Майдалау" (1) - ұсақтау немесе себу арқылы материалдың пайдалану процесі. "Оқшауландырылған тірі дақылдар" (1) - активті емес түрдегі және құрғақ препараттар түрдегі тірі дақылдарды қамтиды. "Оқшаулау" (9) - ракетаның двигателінің компоненттеріне (корпус, сопла, кіру тесігі, корпусардың қақпақтары) қолданылады және термо өңделген немесе жартылай термо өңделген толтырылған каучукты жапырақты материалды қамтиды. Бұған, сондай-ақ амортизациялық жапсырмалар немесе ашпалы есіктер

д е к і р е д і .

"Изостатикалық нығыздаулар" (2) - дайындамаға барлық бағыттар бойынша осы герметикалық көлемнің осының ішінде қысымға тең герметикалық көлем жасау үшін түрлі орталарда (газ, сұйық, қатты бөлшектер және басқалар) герметикалық көлемде нығыздауға қабілетті жабдық немесе материал.

"Иммунды токсиндер" (1) - сырқат клеткаларға іріктемелі түрде әсер ететін бір клеткалы көп каналды антиденелермен "токсиндердің" немесе "қосалқы токсиндердің" конъюганты .

"Инструменталды қашықтық" (6) - радардың әрекетінің бір мәнді айқындалатын қ а ш ы қ т ы ғ ы н .

"Үш өлшемді векторлардың қарқындылығы" (4) - 10 пиксильден жартылай векторларға жататын, шектеулілікке тексерілген, X-Y-Z координаттар мен мәнімен кездейсоқ түрде бағдарланған, тұтастай ауыспалы не қалқымалы нүктемен ауыспалы көрінетін (олардың қайсысы болмасын барынша жоғары қарқындылыққа сәйкес келмесе де) секундта туатын векторлардың саны.

"СЦБИ" - "синхронды цифрлық берудің иерархиясы".

"ДЫА"- (дөңгелекті ықтималды ауытқу) (7) - дәлдікті өлшейтін шама; шеңбердің радиусы, оның орталығында белгілі бір қашықтықта нысаны болады, онда 50% пайдалы жүктеме жұмыс істейді.

"Комутациялайтын құрылғы" (5) - аппаратура және хабарларды беру кезінде комутацияланатын жүктеме үшін физикалық немесе виртуальды қосалқы мүмкін ететін онымен байланысты бағдарламалық қамтамасыз ету.

"Композициялық материал" (1,2,6,8,9) - толтырғыштарды, талшықтарды немесе белгілі бір мақсатқа немесе мақсаттарға арналған олардың кез келген үйлесімін армейлейтін бөлшектерден тұратын" матрица" қосымша фаза немесе қосымша ф а з а л а р .

"Желіге қол жеткізетін контролер" (4,5) - комутациялық желімен бөлінген физикалық интерфейс. Ол беруді басқара отырып (мысалы контролерді немесе әкеле жатқанды табуды) сандық берудің бірдей жылдамдығы кезінде жұмыс

істейтін жалпы ортаны пайдаланады. Ол кез келген басқаға қатыссыз өзіне бағытталған деректер пакетін немесе деректер топтарын таңдайды (мысалы, IEEE802). Бұл компьютерге қондырылатын блок, немесе жүйеге қол жеткізуді қамтамасыз етуге арналған телекоммуникациялық жабдық.

"Байланыс каналының контролері" (5) - синхронды немесе асинхронды цифрлық ақпараттың ағынын бақылайтын физикалық интерфейс. Бұл компьютерге қондырылатын блок, немесе жүйеге қол жеткізуді қамтамасыз етуге арналған телекоммуникациялық жабдық.

"Контурлық басқару" (2) - келесі талап етілетін жағдайды және осы жағдайға берудің талап етілетін жылдамдылығын айқындайтын нұсқаулықтарға сәйкес жүзеге асырылатын "цифрлық басқарудағы" екі немесе одан көп біліктер бойынша қозғалыс. Бұл беру жылдамдықтары бір-бірімен байланыста болады, бұл негізгі контурды түзеді (қараңыз, ISO/DISC 2806-1980).

"Ғарыштық аппараттар" (7,9) - белсенді және пассивті спутниктер мен зондтар. "Криптография" (5) - оның мазмұнын жасыру, түрлі өзгеруін немесе рұқсат етілмеген пайдалануды болдырмау мақсатында ақпаратты түрлендірудің принциптерін, құралдары мен әдістерін қамтитын тәртіп. "Криптография" бір немесе одан көп "құпия параметрлерді" пайдаланылатын ақпараттың түрленуі мен (мысалы, криптографиялық ауыспалылық) немесе тиісті кілтпен басқарумен шектелген.

Ерекше ескерту: "Құпия параметрі" - адамдардың белгілі бір тобына белгілі және басқа адамдардан жасырылған константа немесе кілт.

"Сындық температура" (1,3,6) (кейде көшу температурасы деп аталады.) Белгілі бір "өткізуден тыс материал" - материал электр тоғының өтуіне қарсыласуын толық жоғалтатын температура.

"Жұдырықтық тиімділік" (экстрицентритент) (2) - шпиндельдің үстірт айналуына өлшену нүктесіндегі шпиндельдің планшайбесіне перпендикуляр тегістікте өлшенген негізгі шпиндельдің бір айналымындағы біліктік қозғалу. (қараңыз ISO 230/1-1986, f5, 63)

"Лазер" (0,2,3,5,6,7,8,9) - компоненттердің жиынтығы, ол кеңістікте де, сондай-ақ уақыт бойынша да сәулеленудің ынталандырылған эмиссиясы арқылы күшейтілетін когерентті жарықтық сәулеленуді жасайды.

Ерекше ескерту: Қараңыз, сондай-ақ: "Химиялық лазер";

"Мықтылығының модуляциясы мен лазер";

"Аса жоғары қуатты лазер";

"Қайта құрылатын лазер";

"Мықты модуляциялы лазер" (6) - энергия орналасу инверсиясында немесе оптикалық резонаторда жиналатын және импульстік режимде кейін сәулеленетін лазер.

"Аса жоғары қуатты лазер" (6) - 50 мс ішінде 1 кдж астам энергияны сәулелендіруге қабілетті (жалпы немесе ішінара) немесе 20 квт астам үздіксіз қ у а т ы б а р л а з е р .

"Таспа" (1) - алдын ала қарамай сіңірілген кезек келіп тұратын немесе бір бағыттағы "моноталшықтардан", "жіптен", "үйірмелерден, "арқаншалардан" немесе "шүйкелерден" және т.б тұратын материал.

Ерекше ескерту: "Шүйке" - шамамен параллель орналасқан моноталшықтардың (әдетте 200 астам) орамы.

"Ұшу аппараты" (1,7,9) - тіркелген немесе қанатының геометриясы өзгеретін, айналатын қанаты (вертолет), бұрылыстық винті немесе қанаты бар әуе ұш у л а р ы н а а р н а л ғ а н құрал.

Ерекше ескерту: Қараңыз, сондай-ақ "Азаматтық ұшу аппараты".

"Сызықтық" (2) (әдетте сызықтық еместік параметрлері арқылы өлшенеді) - шын мәніндегі сипаттамасының барынша жоғары ауытқуы (жоғары және төменгі шкалаларының көрсеткіштері бойынша орташа), барынша жоғары ауытқуды теңестіру және барынша азайту үшін солай орналасқан тіке сызықтан оң немесе т е р і с т і г і .

"Локальды желі" (4) - барлық мынадай сипаттамаға ие деректерді беру жүйесі

а. Тәуелсіз "Ақпараттық құрылғылар" өздігінен пайда болатын санына тікелей бір-бірімен байланысуға мүмкіндік береді; және

б. Орташа мөлшердегі шектеулі географиялық аймақ (мысалы, қызметтік ғимараттардың, зауыттың корпусстар тобының немесе қойма үй ж а й м а л а р ы н ы ң ш е к т е р і н д е) .

Ерекше ескерту: "Ақпараттық құрылғы" цифрлық деректерді жүйелі түрде беруге немесе қабылдауға қабілеті бар жабдықты білдіреді.

"АЖҚЛ" - "Аса жоғары қуаттағы лазер".

"Магниттік градиентометрлер"(6) - осы приборға қатысы сыртқы болып табылатын көздердің магниттік өрістерінің кеңістіктік өзгерулерін өлшеуге арналған құрылғы. Олар көптеген "магнитометрлерден" және магниттік өрістің градиенті өлшенетін шығуындағы тиісті электронды блоктан тұрады

Ерекше ескерту: Қараңыз, сондай-ақ "Ішкі магниттік градиентометрлерді".

"Магниметрлер" (6) - приборға қатысты сыртқы болып табылатын көздердің магниттік өрісін өлшеуге арналған құрылғылар. Магниттік өрістің жеке өлшеу элементінен және шығарында магниттік өріс өлшенетін онымен байланысты э л е к т р о н д ы б л о к т а н тұрады.

"Масштабты коэффициент" (7) ("героскоп немесе алселерометр") - шығу сигналының өзгерісінің кіретін өлшенетін сигналдың өзгерісіне қатынасы. Масштабты коэффициент әдетте тік сызықтың қисаюы ретінде бағаланады, ол берілген диапазонның шектерінде кіру сигналының өзгеруі кезінде алынған

деректерге сәйкес мейлінше аз квадраттардың әдісімен құрылуы мүмкін. "UF6 топтануына төзімді материалдар" (0) - мыс, топтанбайтын болат, алюминий, алюминий қышқылы, алюминий қорытпа, никель немесе 60% одан көп бар (салмағы бойынша) және бөліну процессінің тиісті түріне сәйкес келетін UF6-ға төзімді фторланған көмір сутегілі полимерлер.

"Матрица" (1,2,3,9) - жіп тәрізді кристалдармен немесе талшықтармен, бөлшектермен толтырылған бірыңғай берік зат.

"Жиіліктердің белдеулерінің қағым сәттік ені" (3,5,7) - өткізу белдеуі, онда шығу сигналының қуатының деңгейі негізгі жұмыс параметрлерін құрусыз 3 децибель шектерінде тұрақты түрде қалады.

"Механикалық лигерлеу" (1) - нығыздау, ұнтақтау және механикалық әсер ету ауқымы ұнтақтар мен лигатуралардың жаңа қосылуының нәтижесінде пайдалатын лигерлеу процесі.

"Микроорганизмдер" (1,2) - "оқшауландырылған дақылдар" түріндегі немесе әдейі осындай дақылдар жұқтырылған немесе ластандырылған қоректік ортаны қоса алғанда материал ретіндегі табиғи шыққан немесе өзгерген бактериялар, вирустар, микоплазма, рекитцелер, хломиделер немесе саңырауқұлақтар.

"Микропроцессордың микросхемасы" (3) - сыртқы есте сақтауда жалпы мақсаттағы командаларды жүйелі түрде орындауға қабілетті, арифметикалық қисындық құрылғысы бар (АКҚ) "тұтастай құйылған интегралы схема" немесе "көп кристалды интегралды схема".

Ерекше ескерту: 1. "Микропроцессордың микросхемасында" әдетте оперативті жады бар қол желілерді пайдалануға болмайды, дегенмен қисындық функцияны орындау кезінде микросхеманың жадын пайдалана алады.

2. Осы айқындама "микропроцессордың микросхемасының" жұмыс істеуіне арналған интегралды микросхеманың қондырғысын қамтиды.

"Микрокомпьютердің микросхемасы" (3) - ішкі жадтағы деректерге қолданымды ішкі есте сақтайтын құрылғының жалпы мақсаттағы командаларды жүйелі түрде орындауға қабілетті, арифметикалық қисындық құрылғысы бар (АКҚ) "тұтастай құйылған интегралды схема" немесе "көп кристалды интегралды схема".

Ерекше ескерту: Ішкі жад сыртқы жадпен кеңейтілуі мүмкін.

"Көп кристалды интегралды схема" (3) - ортақ "қасықшадағы" екі немесе одан көп "тұтастай құйылған интегралды схема"

"Көп ағымды өңдеу" (4):

- а. Деректердің ағынын орталықтандырылған басқару архитектурасы (SIMD);
- б. Деректердің ағынын параллельді-орталықтандырылған архитектурасы (MSIMD);
- в. Тығыз байланысқандарын жақын байланысқандарын немесе әлсіз байланысқандарын қоса алғанда деректердің ағынын орталықсыздандырылған архитектурасы (MIMD); немесе
- г. Систологиялық массивтерді қоса алғанда өңдеу элементтерінің массивтерін құрылымдау секілді әдістер арқылы бір немесе одан көп командалы жүйесімен басқарумен екі немесе одан көп деректердің жүйесін бір мезгілде жүзеге асыруға мүмкіндік беретін "микробағдарлама" немесе жабдықтардың архитектурасының әдісі.

Ерекше ескерту: "Микробағдарлама" - арнаулы жадтағы элементарлар командалардың жүйесі, оларды орындау командалық регистрге команданы енгізумен жүргізіледі.

"Көпдеңгейлі қорғау" (5) - сезімталдықтың түрлі дәрежеде ақпараты бар жүйелердің сыныбы, оларға қол жеткізу ақпаратқа және қажеттіліктерге қол жеткізудің түрлі құқықтары бар пайдаланушылар үшін ашық, бірақ қол жеткізу құқығы жоқ пайдаланушылардың топтарына тиым салынған.

Ерекше ескерту: "Көпдеңгейлі қорғау" - жабдықтың дұрыс жұмыс істемеуін немесе оператордың қателесуін болдырмауға қатысты оның сенімділігі емес компьютерді қорғау болып табылады

"Моноталшық" (1) немесе жіп - ең кіші талшықтан тұрады, әдетте диаметрде бірнеше микрометр.

"Тұтастай құйылған интегралды схема" (3) - пассиві немесе белсенді "схемалар элементтерінің" комбинациясы, ол:

- а. Диффузиялық процесстер, инплантация процесстері немесе микро кристалл деп аталатын жартылай өткізгіш материалдың бөлек бір бөлшегінің ішіне немесе үстіңгі бетіне шөгу арқылы жүргізіледі;
- б. Ажырамастай қосылған болып есептеліне алады; және
- в. Схеманың функцияларын орындай алады;

Ерекше ескерту: "Схеманың элементі" - бір диод, транзистр, резистр және конденсатор және осылар секілді электронды схеманың жеке белсенді немесе пассивті деталі.

"Бейнелердің моноспектральді бергіштері" (6) - бір дискретті спектральды диапазоннан бейне туралы ақпаратты алуға қабілетті бергіштер. Бейнелерді көп спектральды бергіштер.

"Бейнелердің көпспектральды бергіштері" (6) - екі және одан көп дискретті спектральды диапазондардан бейне деректерді бір жолғы немесе жүйелі жинауды жүзеге асыруға қабілетті бергіштер. Жиырма дискретті спектральды диапазоны көп бергіштер бейнені гиперспектральды бергішгер ретінде белгілі.

"Еңкейген шпиндель" (2) - инструментті ұстап тұрған шпиндель, ол өңдеу процессінде басқа осьтерге қатысты өзінің орталық білігінің бұрыштық күйін өзгертеді.

"Нейронды ЭЕМ" (4) - нейронның немесе нейрондардың жиынтығының мінез-құлқын көрсету үшін жобаланған немесе модификацияланған есептеу құрылғысы, мысалы, алдында болған ақпараттың негізінде есептеу компоненттерінің көп шегінің өзара байланыстарының салмағы мен санын модульдейтін қабілетті аппаратура ретінде сипатталатын есептеу құрылғысы.

"Тікелей гидравликалық нығыздау" (2) - деформациялау процесі онда дайындаумен тікелей қатынастағы сұйық толтырылған икемді камера қолданылады.

"Кедейленген уран" (1,0) - табиғи уранға қарағанда 235 изотопты төмен уран.

"Терминалдык интерфейс жабдығы" (4) - ақпарат телекоммуникациялық жүйеге келіп түсетін жабдық, мысалы, телефон, ЭЕМ, ақпараттық құрылғысы, факсимильді аппарат немесе одан шығады.

"Уақыттың нақты масштабындағы өңдеу" (2,4,6,7) - жүйелерді сыртқы оқиғалармен қозуы жағдайында жүктеменің деңгейіне қатыссыз жүйе реакциясының кепілдік берілген уақыт ішіндегі ресурстардың функциясының қызмет көрсетудің қажетті деңгейін қамтамасыз ететін ЭЕМ деректерін өңдеу.

"Сигналды өңдеу" (3,4,5,6) - уақыт жағынан қысу, сүзу параметрді бағалау селекция, корреляция көріністің бір аясынан екіншісіне аудару немесе жаңғырту секілді арго ырғақтар арқылы ақпарат әкелетін сырттан алынған сигналдарды өңдеу (мысалы Фурьені жаңғырту немесе Вольшти жаңғырту)

"Цифрлық берудің жалпы жылдамдығы" (5) - каналды кодтаудың молдығы және осы секілділерді қоса алғанда биттің цифрлық беру жүйесіндегі тиісті жабдықтаудың арасында берілген уақыт бірлігіндегі цифрі.

Ерекше ескерту: Қараңыз, сондай-ақ "сандық бергіштің жылдамдығы".

"Ұшуды жалпы басқару" (7) - ұшу аппаратының ауыспалы параметрлерінің және міндеттер, бүлінулер туралы бөлінулер немесе уақыттың нақты масштабындағы басқа да ұшу аппараттары туралы деректердің өзгерістеріне сәйкес қойылған міндетті орындау мақсатында оның ұшу траекториясын автоматтандырылған басқару.

"Объектілік код" (9) - бір немесе одан көп процестердің ыңғайға келетін көрінісін нысанын атқаруға жатады (бағдарламаның мәтіні немесе бағдарламаның тілі), ол бағдарламаланатын жүйемен жаңғыртылған.

"Оперативті жад" (4) - орталық процессордан тез қол жеткізуге арналған деректерді немесе командаларды сақтайтын негізгі орын. "Сандық компьютердің" ішкі жадынан және кэш-жад немесе параллельді қол жеткізілетін кеңейтілген жад секілді оның иерархиялық кеңейтілуінің кез келген құралдарынан тұрады.

"Ұшудың траекториясын оңтайландыру" (7) - сипаттамаларды барынша өсіру немесе міндеттерді орындаудың тиімділігін арттыру негізінде талап етілетін траекторияның төрт өлшемінен (кеңістікте және уақытта) ауытқуын барынша

а з а й т а т ы н р е с і м .

"Оптикалық интегралды схема" (3) - фотоқабылдағыш немесе фотокатод немесе оптикалық немесе электрооптикалық функцияларды орындау ретіндегі жұмысқа арналған бір немесе одан көп бөліктерден тұратын тұтастай құйылған интегралды схема немесе будан интегралды схема.

"Оптикалық коммутация" (5) - сигналдарды электр сигналдарына жаңғыртусыз оптикалық нысанда маршруттау немесе коммутация.

"Оптикалық ЭЕМ" (4) - деректерді, есептеу қисынының элементтері ұсыну үшін жарықты пайдалану мақсатымен жобаланған немесе модификацияланған немесе аппаратура. Ол тікелей байланысқан оптикалық құрылғыларға негізделген.

"Оптикалық күшейту" (5) (оптикалық байланыстар) - электр сигналына жаңғыртусыз, мысалы, жартылай өткізгіш оптикалық күшейткіштерді талшықты, люминисцентті күшейткіштерді қолдана отырып, жеке оптикалық көзбен байланысқан оптикалық сигналдарды күшейту әдісі.

"Негізгі элемент" (4) - элементтің қатысы бар жүйенің жалпы бағасы 35% құрайтын оның ауыстыру құны болған жағдайда негізгі болып есептеледі. Жүйенің өндірушісі немесе жүйенің жинаушысы ол үшін төлейтін баға элементтің бағасы болып есептелінеді. Жалпы баға өндіру немесе берулерді жинақтау орнында қалыпты халықаралық баға болып табылады.

"Жұмыс істемей қалуы болмаушылығы" (4) - компьютерлік жүйенің оның аппараттық компонентінде немесе "бағдарламалық қамтамасыз етуінде" қандай да бір болмасын ақаулық пайда болғаннан кейін адамның араласуынсыз жұмысты жалғастыру, жұмыстың үздіксіздігін, деректердің тұтас сақталуын және берілген уақыт аралығының шектерінде жұмысты қалпына келтіру қасиеті.

"Бұрыштық күйдің ауытқуы" (2) - өндегеннен кейін бекітілген деталь бұрынғы күйіне қарай бұрылған соң өте жоғары дәлдікпен өлшенген бұрыш бойынша бұрыштық күймен іс жүзіндегі күйдің арасындағы ең жоғарғы айырма. (қараңыз, VDI/VDE 2617, жұмыс нұсқасы: "бұрыштың "координаттарды" өлшеу

тетіктеріне қатысты кесте").

"Ортақ канал бойынша беру" (5) - беру әдісі, мұнда бір канал бойынша станциялардың арасында каналдардың санына немесе шақыруларға қатысты белгіленген хабарламалардың ақпараты немесе желіні басқару үшін пайдаланылатын басқа ақпарат беріледі.

"Бейімделіп құрылатын" лазер () - лазердің бірнеше өту диапазонында толқынның барлық ұзындығында сәулеленуді генерациялау қабілетті лазер. Лазер кейбір сызықты таңдап ала отырып лазердің бір өтуінің шектерінде толқындардың дискретті ұзындықтарының сәулеленуін генерациялайды және бейімделіп құрылатын болып есептелмейді.

"Өтпелі лазер" (6) - қозбаған атомның немесе қозбаған атомдары немесе молекулалары бар молекулалардың қос соғуы кезінде энергияның өтуі арқылы генерациялау ортасы қозатын лазер.

"Қондырылған ЭЕМ бар дербес карточка" (5) - ISO/IEC 7816 стандартына сәйкес келетін, қондырылған микросхемасы бар, дайындаушы бағдарламалаған және тұтынушы қайта бағдарламалай алмайтын дербес карточка.

"Ең жоғары қуат"(6) - импульстің джоулдегі, импульстің секундтағы ұзақтығына бөлінген энергия.

"Өлшеудің кінәраттылығы" (2) - 95 процент ықтимал ауыспалы өлшенетін шын мән өлшенген мәннің маңындағы қандай диапазонда екендігін айқындайтын сипатты параметр. Бұл шамаға өтем жасалмаған ұдайы болатын ауытқулар, өтем жасалмаған люфт және кездейсоқ ауытқулар кіреді (ISO10360-2 немесе VDI/VDE 2 6 1 7 қ а р а ң ы з) .

"Пленкалық интегралды схемалар" (3) - оқшаулаушы "қасықшаға" қалың немесе жұқа пленка жүргізу арқылы пайда болған "схемалар элементтері" мен металл қосылыстарының жиынтығы.

Е р е к ш е е с к е р т у

"Қасықша"3 - қосылыстар құрылымымен немесе онсыз негізгі материалдың пластинасы, оған немесе оның ішінде дискретті компоненттер немесе интегралды схемалар немесе олар және басқалар бірге орналасуы мүмкін

Е р е к ш е е с к е р т у

"Двигателдің толық дербес электронды-сандық контролері" (7,9) - турбиналы двигателді немесе двигателдің тягасын немесе валдан алынатын, отынның шығысын оны беру аяқталғанға дейін реттеудің басынан бастап жұмыс жағдайының диапазонындағы шығу қуатының деңгейін ауыспалы параметрлермен басқаруға арналған сандық ЭЕМ пайдалана отырып құрастырмалы циклды двигателді басқарудың электронды жүйесі.

"Уақыттың нақты масштабындағы жиілік белдеуі" (3) сигналдардың динамикалық талдауыштары үшін - талдауыш бейнелеуші немесе еске сақтаушы

құрылғыға талдаудың үздіксіздігін бұзусыз кіру апаратын бере алатын сигнал жиілігінің мейлінше кең диапазоны. Уақыттың нақты масштабында жиіліктердің белдеуін бағалау кезінде көп каналды талдауыштар үшін осы параметрдің мейлінше көп мәнімен каналдың конфигурациясы пайдаланылуы тиіс.

"Тұрақты уақыт" (6) - түпкі мәнінен (яғни, түпкі мәнінің 63 процентінен) деңгейге қол жеткізу үшін (1-1 е) токты көбейткен кезінде жарықтық көтермелеуге талап етілетін уақыт.

"Оптикалық талшықтардың бұрынғы нысаны" (5) - оптикалық талшықтарды дайындауда қолдану үшін арнаулы өңдеуден өткен шыныдан, пластмассадан немесе басқа да материалдардан жасалған пластиндер, кесектер немесе өзектер.

"Қолдану" (Жалпы технологиялық ескерту, барлық санаттар) - (тұрған жерлерінде орнатуды қоса алғанда) пайдалану, монтаждау жұмыстар, техникалық қызмет көрсету, жөндеу, күрделі жөндеу, қайта қалпына келтіру.

"Табиғи уран" (0) - табиғи жағдайларда кездесетін изотоптардың қоспасы бар у р а н .

"Әскери қолдану үшін бейімделген" (1) - адамдарға немесе жануарларға әсер етуінің немесе жабдықтардың, топырақтың құнарлылығын немесе қоршаған ортаны нашарлатудың тиімділігін арттыру мақсатында белгілі бір сапалары бойынша (мысалы, қоспасының саны, сақтау кезіндегі жарамдылығының мерзімі, вируленттілігі, қасиеттерінің берілуі, ультракүлгін сәуленің әсеріне төзімділігі бойынша) кез келген түрін өзгертулерге немесе іріктелуге ұшыраған.

"Бағдарламалар" (2,6) - компьютердің атқаруына жататын нысанды орындауға немесе жаңғыруға арналған командалардың жүйелілігі.

"Пайдаланушының бағдарламалаушылығы" (6) - пайдаланушыға

а. Қосылыстардың немесе ажыратқыштардың физикалық өзгерісінен

б. Енгізілетін параметрлерді бақылауды қоса алғанда функцияларды бақылауды белгілеуден басқа бағдарламаны өзге құралдармен қоюға, модификациялауға немесе алмастыруға мүмкіндік беретін жабдықтың

б о л у ы .

"Бағдарламалық қамтамсыз ету" (бүкіл Тізім) - көзден кез келген түрінде жазылған бір немесе одан көп "бағдарламалардың" немесе "микробағдарламалардың" жиынтығы.

Е р е к ш е е с к е р т п е

"Өндірістік жабдық" (9) - аспаптық құралдардың, үлгілердің, қысқыш бейімдемелердің, жақтаулардың, айналдырмалардың, жалаушалардың, арматураның, реттеуге арналған тетіктердің жиынтығы, сынақтан өткізуге арналған жабдық, "өндірістердің" бір немесе одан көп кезеңдерінде "өңдеу" үшін арнайы әзірленген немесе модификацияланған басқа жабдық пен оған арналған к о м п о н е н т т е р .

"Өндірістік қондырғылар" - "өндірістердің" бір немесе одан көп кезеңдерінде "өңдеуге" арналған жабдықты монтаждау процесінде орнатылатын жабдық пен ол үшін арнайы әзірленген бағдарламалық қамтамасыз ету.

"Өндіріс" (Жалпы технологиялық ескертпе, 7-санат) - барлық сатыны: құрастыруды, әзірлеуді, жинауды (орнатуды), тексеруді, сынақтан өткізуді, сапасын қамтамасыз етуді қамтиды.

"Кеңістікте бөлінген" (6) - бір объектінің орналасқан жері кез келген басқасынан кез келген бағытта 1,5 м астамға алыстатылған. Жылжымалы бергіштер барлық кезде де "кеңістікте бөлінген" болып есептеледі.

"Ұшуды тікелей басқару" (7) - ұшу аппаратын тұрақтандыру немесе күш көздерімен (импульспен), мысалы, аэродинамикалық басқарылатын тегістіктермен немесе салмақ векторын өзгерту арқылы маневр жасау.

"Шүйке" - оралған жіптердің орамы (1-санат).

Е р е к ш е е с к е р т у :

"Жұмыс органдары" (2) - басып алулар, "белсенді аспаптық тораптар" және "роботтың" қол манипуляторының аяғындағы тірек торшасына бекітілетін кез келген басқа да аспаптар.

Е р е к ш е е с к е р т п е :

"Әзірleme" (бүкіл Тізім) - жобалау, жобалық зерттеу, жобалық нұсқаларды талдау, жобалау тұжырымдамасын әзірлеу, жинау және прототиптерін сынақтан өткізу (тәжірибелік үлгілерін) секілді сериялық өндіріске дейінгі жұмыстардың барлық сатысы, тәжірибелік өндіріс пен техникалық құжаттаманың схемасын жасау, техникалық құжаттаманы берудің процесі, құрылымдық жобалау, м а к е т т е у .

"Рұқсат" (2) - өлшеу құрылғысындағы көрсеткіштердің мейлінше аз өсуі, сандық приборларда - кіші мәні бар бит (көзі - AMSB-89.1.12).

"Ракета" (1,3,5,6,7,9) - кем дегенде салмағы 500 кг жүкті кем дегенде 300 км қашықтыққа жеткізуге қабілетті күрделі ракеталық жүйелер немесе адам ұшпайтын ғарыштық аппараттар.

"Спектрді кеңейту" (5) - энергия байланыстың тар белдеулі каналына қатысты елеулі түрде неғұрлым кең энергетикалық спектрге кеңейетін әдіс.

"РЛЖ спектрін кеңейту" (6) - жиіліктердің тар белдеуіне қатысты кездейсоқ немесе жалған кездейсоқ кодтау әдістерін қолдану арқылы жиіліктердің мейлінше кең белдеуінде шоғырланған сигналдың энергиясын бөлуге арналған модуляцияның кез келген әдісі.

"Фокальды тегістік торы" (6) - фокальды тегістікте жұмыс істейтін есептейтін электронды немесе онсыз жекелеген элементтер детекторларының планарлы жіктерінің сызықты немесе екі өлшемді планарлық торы немесе комбинациясы.

Ерекше ескерту: Бұл анықтамаға уақытша кідіртуді енгізудің және осы

элементтерде интеграциялау операцияларының болмауы жағдайы кезіндегі жекелеген детекторлардың немесе кез келген екі-, үш- немесе төрт элементті детекторлардың жиынтығы кірмейді.

"РЛЖ спектрінің кеңейтілуімен" - "РЛЖ спектрін кеңейту қараңыз" (6-санат)
"РЛЖ қайта құрылатын жиілікпен" (6) - импульстердің немесе импульстердің топтарының арасында импульстың жиіліктерінің белдеуінің еніне тең немесе одан асатын шамаға РЛЖ бергішінің жиілігін жеткізетін жалған кездейсоқтық жүйелілігіне сәйкес өзгертін кез-келген әдіс.

"Робот" (2,8) - үздіксіз түрде немесе белгілі бір нүктелердің арасында қозғалыс жасап, өлшеу бергіштеріне ие болып және мынадай сипаттамалардың бәрі болатын манипулятор:

- а. Көп функцияналдылық;
- б. үш өлшемді кеңістікте қайта құрылатын қозғалыстар арқылы белгілі бір күйді орнатуға немесе материалды, детальдарды, аспаптарды немесе арнайы құрылғыларды бағдарлау қабілеті.
- в. Тұйық немесе қусырылған контурмен, оның ішінде кадамдық двигательдермен үш немесе одан көп серло ретке келтірушілерді басқара алады; және
- г. Бағдарланатын қисынды контролер бола алатын, яғни аралық механикалық операцияларсыз еске сақтау мен немесе компьютерді пайдалану есебінен оқыту әдісі арқылы "бағдарламалау мүмкіншілігімен қол жетімді пайдаланушы" бар.

Ерекше ескерту: жоғарыда келтірілген анықтамаға мынадай приборлар кірмейді:

1. Тек қолмен немесе телеоператормен ғана басқарылатын манипуляторлар;
2. Тіркелген жүйеліктегі операциялары бар манипуляторлар, оған қозғалыстардың механикалық тіркелген бағдарламаланатын түрлеріне сәйкес жұмыс істейтін автоматтандырылған жұмыс істейтін құрылғылар жатады. Бағдарлама штивтер немесе жұдырықшалар секілді тіркегіштермен механикалық шектелген. Қозғалыстардың жүйелігі және траекторияларды немесе бұрыштарды таңдау механикалық, электрондық немесе электр құралдарымен өзгертілмейді немесе алмастырылмайды;

3. Операциялардың ауыспалы жүйелігімен механикалық басқарылатын манипуляторлар, оларға қозғалыстардың механикалық тіркелген бағдарламаланатын түрлеріне сәйкес жұмыс істейтін автоматтандырылған жұмыс істейтін қозғалатын құрылғылар жатады.
Бағдарлама тіркелген, бірақ штивтер немесе жұдырықшалар секілді қайта құрылатын бейімдемелермен шектелінген.
Қозғалыстардың жүйелігі және траекторияларды немесе бұрыштарды таңдау бағдарламаның орнатылған құрылғының шеңберінде ауыспалы болып табылады Бағдарламаның бір немесе бірнеше координаттарға қатысты құрылымының өзгеруі немесе модификациясы (мысалы, штивтердің өзгеруі немесе жұдырықшалардың ауысуы) тек механикалық операциялар арқылы ғана жүзеге асырылады;
4. Қозғалыстардың механикалық тіркелінетін бағдарламаланатын түрлеріне сәйкес жұмыс істейтін автоматтандырылған қозғалатын құрылғыларға жататын ауыспалы жүйеліктегі әрекеттерімен сервобасқарылмайтын манипуляторлар. Бағдарлама өзгертілуге жатады, бірақ операциялардың жүйесі тек механикалық тіркелген электр приборлардан немесе қайта құрылатын тіркегіштерден болатын екі ұдай сигналдың көмегі кезінде ғана өзгереді;
5. Материалдарды ұсақтау үшін бункерлердің ажырамас бөлігі ретінде дайындалған және жүктеу немесе жүктен босату үшін осы бункерлердегілерге қол жеткізуді қамтамасыз етеді арналған декарттық координаттардағы манипулятордың қатарына жататын перфокарт қабылдағышы бар көтергіш құрылғылар.

"Тегістегіш" (1) - параллельді шүйкелерге шамалас орам (әдетте 12-120).

Ерекше ескерту: "Шүйке" - "шамамен параллель орналасқан көп талшықтардың орамы" (әдетте 200 астам).

"Аса пластикалық қалыптау" (1,2) - кем дегенде екі есе қашықтықта беріктік модулі де мәнінің жағдайы кезінде ұзартуға қол жеткізу мақсатында бөлме температурасы жағдайында созуға еріктік модулін әдеттегі сынақтан өткізу кезінде еріктік шегінің нүктесінде ұзарту коэффициентінің төмен мәндерімен сипатталатын (20 кем) металлдарды қыздыруды пайдаланатын деформациялау процесі.

"(Аса өткізгіш) (1,3,6,8) (ас өткізгіштік тиімділігінің негізінде) - термин

материалдарға, мысалы, толық электрлік қарсыласуын жоғалта алатын, мысалы, шексіз жоғары электр өткізгіштігі болатын және джоулдік қыздырусыз үлкен электр тоғы болатын металдарға, қорытпаларға немесе қосылыстарға қатысты. Ерекше ескертпе: Материалдың аса өткізгіштік күйі ең шектен асқан температурамен, температураның функциясы болып табылатын шектен асқан магнит өрісімен және магнит өрісінің де, сондай-ақ температураның

функциясы болып табылатын токтың шектен асқан тығыздығымен дербес сипатталады.

"Байланыстар" (1) - жалпы талшықты нысанда армирленген матрица талшықтарымен комбинациялар алу мақсатында термопластикалық талшықтардың түйінінің ұштасуы және талшықтардың нығайтылуы.

"Үйір" (3) - мынадай құрайтындардың бәрі бар

- а. Сол архитектура;
- б. Негізгі командалардың сол жиынтығы; және
- в. Сол базалық технология (яғни, тек H-MOP NMOS) немесе - KМоп (GMOS)

микропроцессордан немесе компьютерлік микросхемадан тұратын элементтердің тобы.

"Импульсты қысу" (6) - РЛЖ үлкен ұзындықтағы сигналын оны импульстың жоғары энергиясының басымдығын сақтай отырып кеші ұзындықтағы сигналға айналдыру үшін кодтау және өңдеу.

"Жиіліктердің синтезаторы" (3) - жиіліктердің стандарттарының аз санының көмегімен мақсатты түрде алатын немесе синхрондайтын бір немесе бірнеше бір мезгілде немесе кезек-кезек генерацияланатын жиынтығын генерациялаудың пайдаланылатын әдісіне қатыссыз қамтамасыз ететін сигналдың генераторының немесе жиіліктер көзінің кез келген түрі.

"Синхронды оптикалық торап" (5) - оптикалық талшықтар бойынша синхронды берудің форматын пайдалана отырып, басқарудың тығыздаудың және сандық трафиктің түрлі нысандарына қол жеткізу құралдарын қамтамасыз ететін торап. Бұл формат ИСЦП Солтүстік Американдық нұсқа болып табылады және, сондай-ақ синхронды берудің көліктік модулін пайдалана алады. Алайда ол синхронды транспорттық сигналды ӨӨӨ бірінші деңгейінің жылдамдығымен негізі (базалық) модуль ретінде пайдалана алады. СОС стандарты ИСЦП стандартына интеграцияланған.

"Ретке келтіру жүйесі" (7) - олардың траекториясын түзету үшін ұшуды басқару жүйелеріне командаларды есептейік және жібере отырып көлік құралдарының күйі мен жылдамдығын өлшеу мен есептеу процесін біріктіретін жүйелер (н а в и г а ц и я) .

"Бақыланатын циркуляция мен баптауды немесе қарсы айналдыруды бақылау жүйесі" (7) - үстіңгі беттермен туындайтын күштерді күшейту немесе бақылау үшін аэродинамикалық үстіңгі беттердің бойымен әуе ағымдарын пайдаланылатын бақылау жүйелері.

"Жиіліктерді секіртпелі түрде қайта құру" (5) - "спектрдің кеңею" нысаны, мұнда байланыстың жеке каналының беру жиілігі дискретті секірулердің кездейсоқ немесе жалған кездейсоқтық реті арқылы қайта құрылады.

"Дрив жылдамдығы" (героскоп) (7) - талап етілетін шығу сигналынан уақыт бойынша өзінше ауытқу. Кездейсоқ ұдайы компоненттен тұрады және уақыт бірлігіндегі инерциялық кеңістікке қатысты баламды керу бұрышының өзгерісі р е т і н д е к ө р і н е д і .

"Деректердің берудің жылдамдығы" (5) - Халықаралық байланыс одағы (ҚБО) 53-36 Ұсынымына сәйкес оны айқындау кезінде жылдамдық ескеріледі, онда берудің жылдамдығы екі еселенбеген модуляциясы кезінде биттарда және биттарда секундқа тең емес. Кодтау, тексеру және синхрондау биті ескерілуі тиіс.

Ерекше ескерту: 1. "деректерді берудің жылдамдығын" айқындау кезінде қызметтік және әкімшілік каналдары алынып тасталуы тиіс.

2. Бұл бір бағыттағы берудің барынша жоғары жылдамдығы, яғни қабылдаудың не берудің барынша жоғары жылдамдығы.

"Сандық беру жылдамдығы" (5) - ортаны кез келген түрі арқылы тікелей берілетін биттардағы ақпаратты берудің жалпы жылдамдығы.

Ерекше ескерту: сондай-ақ "Сандық берудің жалпы жылдамдығын" қараңыз.

"Орны өзгеру" (акселерометр) (7) - берілген жылдамдықтың болмауында акселерометрдің шығу сигналы.

"Жиынтық теориялық өндіргіштік" ("ЖТӨ") (3,4) - "есептеу элементтерін" ("ЕІ") агрегерлеудің нәтижесінде алынған секундтағы миллион теориялық операцияларда (Смто) көрініс тапқан есептеулердің өндіргіштігінің шамасы.

Ерекше ескерту: 4-санатқа техникалық ескертпені қараңыз.

"СОТ" - "Синхронды оптикалық торап".

"Бүтін "токсиннің" құрылымдық және функционалдық бүлінген компоненті" (1) - детальды екі параллель емес біліктің төңірегінде айналдыруға және еңкейтуге мүмкіндік беретін стол, ол бойынша басқару "контурлық басқару" үшін ү й л е с т і р і л е а л а д ы .

"Токсиннің құрамдас бөлігі" - құрамдас айналатын стол (2)

"Спектральда тиімділік" (5) - жүйенің тиімділігін сипаттайтын параметр, мұнда КАМ, торшалық кодтау Q-дің ФМ және басқада осы секілді модуляциялау әдістері пайдалана алады. Мынадай формула бойынша айқындалады:

$$\text{Спектральды Сандық берудің жылдамдығы (бит/с)} \\ \text{тиімділік} = \text{-----}$$

6 дБ (Гц) минус деңгейі бойынша спектрдің ені

"Арнаулы бөлінуші материал "(0) - бұл плутони - 239, "уран, байытылған изотоптарымен 235 немесе 233" немесе жоғарыда аталған бар кез келген басқа материал .

"Қорытпаны спинингтеу" - айналып тұрған салқындататын дискіге құлайтын сымдар, ленталар немесе қабыршақ немесе қытырлақша (1-санат) нысанындағы бөлшектер түрінде өнімді қалыптастыратын балқытылған металлдың ағынын "тез қатайту процесі" .

Ерекше ескерту: "тез қатаюу" - 1000 К/с асатын салқындату жылдамдығы кезінде материалдың балқымасының қатаюын қамтитын процесс.

"Тұрақтылық" (7) - тұрақты температуралық жағдайларда өлшенген оның калибрленген мәнінен кейбір параметрдің нұскасының стандартты девиациясы (1 сигма). Уақыт функциясы ретінде көрініс табады.

"ЖТӨ" - "жиынтық теориялық өндіргіштік".

"Токтың жиынтық тығыздығы" (3) - соленойдтың көлденең қиылысуының ортақ алаңында бөлінген (аса өтгізгіш жіптерді, матрицаны, металл, аса өтгізгіш жіп, қабықшадағы материал, салқындату каналы және тағы басқалар орналастырылған металл матрицаны қоса алғанда) солинойдтағы ампер жіптердің жалпы саны (яғни әрбір жіптің барынша жоғары тоғына көбейтілген жіптердің санының жиынтығы) .

"Супер қорытпалар" (2,9) - никель, кобальт немесе темірдің негізіндегі қорытпалар, олардың беріктігі жұмыс істеудің және қоршаған ортаның шиеленісті жағдайында 922 К (649 С) жоғары температура кезіндегі А 151, 300 сериясындағы кез келген қорытпаның беріктігінен асады.

"Бағдарламаның мәтіні" (4-7,9) (немесе негізгі тіл) - бағдарламалайтын жүйемен жабдық атқаратын нысанға қайта жаңғыртылуы мүмкін бір немесе одан көп процесстің тиімді көрінісі (объектілік код немесе объектілік тіл).

"Технология" (жалпы технологиялық ескертпе) - жабдықты әзірлеу, өндіру немесе қолдану үшін талап етілетін арнаулы ақпарат. Ақпарат техникалық деректер немесе техникалық көмек нысанын қабылдай алады.

Ерекше ескерту: 1. Техникалық көмек нұсқамалық, дағдыларды үйрену, оқу өндірістік білім, консультациялық қызмет көрсетулер секілді нысанды қабылдай алады. Техникалық көмек

техникалық деректерді беруді қамти алады.

2. Техникалық деректер жарық көшірмелері, жоспарлар, диаграммалар, модельдер, формалар, кестелер, техникалық жобалар мен мамандырмалар, пайдаланушы басшылығы және қолжазба түрінде немесе дискіде, лентада, ПЗУ секілді басқа да көздерде жазылған нұсқаулықтар нысандарын қабылдай алады.

"Токсиндер" - олар патологиялық үлгілер, дәнді дақылдар, тамақ өнімдері немесе "микроорганизмдердің" тұқымдық қоры секілді токсиндерден ерекшеленетін басқа материалдардың ластаушы заттары болып табылатын қалай өндірілетініне қарамастан әдейі оқшауландырылған препараттар немесе қоспалар нысанындағы токсиндер (1,2 - с а н а т) .

"Дәндік" (2,6) - кінәраттылық арқылы әдетте өлшенетін шама, ол қабылданған стандарттың немесе дұрыс мәнінің көрсетілген шамасынан барынша жоғары ауытқуды, оң немесе теріс мәнін білдіреді.

"Жүйелердің траекториясы" (6) - әуе қозғалысын басқару орталығының диспетчеріне көрінетін ұшудағы ұшақтың күйі туралы өңделген, түзетілген (ұшу тапсырмасының позициясымен мақсаты туралы РЛЖ деректерінің синтезі) және жаңаланған мәліметтер (есептер) .

"Талап етілетін" (1,9) (жалпы технологиялық ес) - технологияға немесе бағдарламалық қамтамасыз етуге қолданымда тек технологияның немесе бағдарламалық қамтамасыз етудің сипаттамалардың немесе функциялардың бақыланатын деңгейіне қол жеткізетін немесе одан асыға мүмкіндік беретін асатын бөлігін ғана білдіреді. Мұндай талап етілетін технология немесе бағдарламалық қамтамасыз ету түрлі жабдықты өндіру технологиясында бола а л а д ы .

"Созылудың үлестік беріктігі" (0,1) - бұл Паскальдағы созылуға арналған шектік беріктік, бұл қоршаған ортаның температурасы () және салыстырмалы ылғалдылық кезінде өлшенген Н/текше м үлестік салмағында бөлінген Н/шаршы м б а л а м д ы .

"Икемділіктің үлестік модулі" (0,1) - бұл Паскальдағы созылуға арналған шектік беріктік, бұл қоршаған ортаның температурасы () және салыстырмалы ылғалдылық кезінде өлшенген Н/текше м үлестік салмағында бөлінген Н/шаршы м б а л а м д ы .

1A227 Радиациялық қорғаныштың, төменде санамаланған сипаттардың (N1A1) бәріне ие жоғары тығыздықтағы (қорғасын шынысынан немесе басқа материалдардан) жасалған терезелер:

- a. Салқын үстіңгі беті бойынша алаңы 0,09 шаршы м астам.
b. Тығыздығы 3 г/текше см астам, және
c. Қалыңдығы 100 мм немесе одан астам және олар үшін арнайы жасалған рамалар.

Техникалық ескерту:

1A227-де "салқын үстіңгі бет" деп радиациялық сәулеленудің ең төмен деңгейіне ұшырайтын айналардың жұмыс үстіңгі бетінің

бөлігі саналады.

1A227

902290900

1B Сынақ, бақылау және өндіріс жабдығы

1B001 1A002 немесе 1C010 тармақтар бойынша бақыланатын
(W) талшықтарды препрегтарды, преформдарды немесе композициялық материалдарды не бұйымдарды өндіруге арналған жабдық, сондай-ақ арнайы арналған компоненттер мен көмекші құрылғылар.

Ерекше ескерту: Сондай-ақ қараңыз 1B101 және 1B201

(M6a) а. Талшықтарды орауға арналған машиналар, талшықтарды
(N3B4) позициялауға, аударыстыруға, және орауға байланысты қозғалыстар үш немесе одан көп біліктер бойынша үйлестіріледі және бағдарламаланады және олар "композициялық материалдарды" немесе "талшықты немесе жіп тәрізді материалдардан" жасалған ламинаттарды өндіруге арнайы арналған;

(M6b) б. Таспаларды немесе тростарды орауға арналған машиналар, олардағы таспаларды, тросты немесе рулонды позициялауға және орауға байланысты қозғалыстар екі немесе одан көп біліктер бойынша үйлестіріледі және бағдарламаланады және олар жауынгерлік "ракеталардың корпустарының немесе "композициялық материалдардан жасалған ұшу аппараттарының

элементтерін өндіру үшін арнайы арналған:

(N3B4) Ескерту: 1B001.b.-да "ракета" ракеталық жүйелерді және ұшқышы жоқ әуе ұшу аппараттарын білдіреді.

(M6c) с. Машиналардың функцияларын өзгертуге арналған адаптерлер мен құрылғыларды қоса алғанда түрлі өлшемдер мен бағыттарда жұмыс істейтін тігін машиналары немесе тоқу машиналары, олар тігу ісіне "композициялық" материалдарды дайындау мақсатында талшықтарды жапсыруға немесе өрнектеуге арналған

Ескерту: 1b001.C. тармақ бойынша жоғарыда аталған түпкі

пайдаланушы үшін модификацияланбаған тігін
машиналары бақыланбайды.

d. Мына секілді күшейтілген талшықтарды өндіру үшін
арнайы арналған немесе бейімделген жабдық:

(M6d) 1. Қыздыру процесінде талшықтарды күшейтуге арналған
арнайы жабдықты қоса алғанда, полиакрилонитриль,
визкоз, пек, немесе поликорбосилан секілді полимерлі
талшықтарды көміртегілік немесе карбит-кремнилі
талшықтарға түрлендіруге арналған жабдық;

(M6d) 2. Карбит-кремнилі талшықтар өндіру мақсатында
қыздырылған жіп тәрізді қасықшаларға химиялық
элементтердің немесе күрделі заттардың буларын
шөктіруге арналған жабдық;

(M6d) 3. Дымқыл орау әдісі мен алюминидің қышқылы секілді
термотөзімді керамиканы өндіруге арналған жабдық;

4. Алюминий бар прикурсорлы талшықтарды термоөңдеу
жолымен глиноземі бар талшықтарға бар түрлендіруге
арналған жабдық;

(M6e) e. 1C010.e. тармақ бойынша бақыланатын, ыстық балқыту
әдісімен препрегтерді өндіруге арналған жабдық.;

f. Бақылауды бұзбайтын, "композициялық" материалдар
үшін арнайы жасалған ультра дыбыстық немесе ренгендік
томография әдістерін қолдана отырып үш өлшемде
ақауды табатын жабдық;

1B001, a	844630000
1B001, b	844630000
1B001, c	844621000
1B001, d, 1	845610000
	845690000
	851580900
1B001, d, 2	841780900

1B001, d, 3	844590000
	845180900
1B001, d, 4	845180900
1B001, e	845180900
	847759100
	847759900
1B001, f	902219000
	902229000
	903180390

1B002 Ластануды болдырмауға және 1C002., 1C002.b., немесе
(W) 1C002.c тармақ бойынша бақыланатын балқытпалардың
 негізінде металл балқытпаларын, ұнтақ тәрізді металл
 балқытпаларды немесе материалдарда өндіру үшін арнайы
(M5n2a) арналған жүйелер мен компоненттер.
 Ерекше ескерту: Сондай-ақ 1B102 қараңыз.

1B002

1B003 Оларды өндіру үшін арнайы арналған, суперпластикалық
(W) қалыптау немесе титанды, алюминиді немесе олардың
 балқытпаларын диффузиялық дәнекерлеуге арналған аспаптар,
 сығымдау нысандар, матрицалар немесе арматура:
a. Ұшу аппараттарының немесе аэроғарыштық
 конструкциялардың корпустары;
b. Ұшу немесе аэроғарыштық аппараттардың двигательдері; немесе
c. Осындай конструкциялар немесе двигательдер үшін арнайы
 арналған компоненттер;

1B003 820730100

1B101 тармағымен бақыланатын ерекшелігі бар, "композициялық"
(M6) құрылымдарды "өндіруге арналған" жабдық және мыналар
 секілді осы үшін арнайы жасалған немесе дайындалған
 қосымша жабдық пен компоненттер:
 Ерекше ескерту: Сондай-ақ 1B201 қараңыз.

Ескерту: 1B101 тармақпен бақыланатын компоненттер мен

қосымша жабдық "композициялық" материалдарды немесе ламинаттарды немесе олардан жасалған бұйымдарды сығымдауға, термикалық өңдеуге, пісіруге немесе дәнекерлеуге арналған валиктерді диск ұстаушыларды, плашкілерді, сығымдау жабдығын қамтиды.

(M6a) а. Талшықтарды орауға арналған машиналар, оларды талшықтарды позициялауға, аударыстыруға және орауға байланысты қозғалыстар үш немесе одан көп біліктер бойынша үйлестіріледі және бағдарламаланады және олар "композициялық" материалдарды немесе "талшықты немесе жіп тәрізді" материалдардан жалған ламинаттарды өндіруге арналған, сондай-ақ позициялауға және бағдарламалауға арналған құралдар;

(N3B4)

(M6b) б. Таспаларды немесе тростарды орауға арналған машиналар, олардағы таспаларды, тросты немесе рулонды позициялауға және орауға байланысты қозғалыстар екі немесе одан көп біліктер бойынша үйлестіріледі және бағдарламаланады және олар жауынгерлік "ракеталардың корпустарының немесе "композициялық материалдардан жасалған ұшу аппараттарының элементтерін өндіру үшін арнайы арналған;

(M6d) с. Мына секілді "талшықты немесе жіп тәрізді материалдарды" өндіруге арналған немесе бейімделген жабдық:

1. Қыздыру процесінде талшықтарды күшейтетін арнайы жабдықты қоса алғанда, мыналар секілді полиакрилонитрил, визкоз, пек, немесе поликорбосилин секілді полимерлік талшықтарды түрлендіруге арналған жабдық.;

2. Техникалық элементтердің немесе күрделі заттардың буларын қыздырылған жіп тәрізді қасықшаға арналған жабдық; және

3. Алюминий қышқылы секілді термотөзімді керамиканы дымқылды орау әдісімен өндіруге арналған жабдық;

(М6е) d. Талшықтардың үстіңгі бетін өңдеу үшін немесе 9С110 тармақта бақыланатын препрегтер мен дайындамаларды жасау үшін әзірленген немесе өзгертілген жабдық;

Ескерту: Тармақта бақыланатын жабдық талшықтарды созуға арналған валиктерді, құрылғыларды, үстіңгі бетті жабуға арналған жабдықты, кесетін жабдықты және дайындамалардың флашкілерін қамтиды;

1В101, а	844630000
	853710100
	853710990
1В101, b	844630000
1В101, с, 1	845610000
	845690000
	851580900
1В101, с, 2	841780900
1В101, с, 3	844590000
	845180900
1В101, d	845180900
	847759100
	847759900

1В115 1С011, а., 1С011, b., 1С111 тармақтарда немесе Әскери Бақылау (М5n1) Тізімдерінде бақыланатын ракеталық отынды немесе оның компоненттерін "өндіруге", тасымалдауға және қабылдау сынақтарын жүргізуге арналған жабдық, сондай-ақ жабдық үшін арнайы жасалған компоненттер.

1-ескерту: 1В115 тармақпен нөлдік диапазонындағы вакуумде араластыруға арналған жабдығы бар және араластыру камерасында температураны реттеуге арналған құрамында араластырғыштар ғана бақыланады:

2-ескерту: Әскери тауарларды өндіру үшін арнайы

дайындалған жабдыққа қатысты. Әскери
Бақылау Тізімдерін қараңыз.

- 1В115 847982000
0
- 1В116 130 Па-дан 20 кПа-ға дейінгі қысым кезінде 1573 к (1300 С)
0
- (М7b) бастап 3173 К (2900 С) дейінгі температуралық диапазонда
ыдырайтын газ-прекурсорлардан перолитикалық алынған
материалдарды валиктерге шөктіру, жинау немесе басқа
жатқызу жолымен өндіруге арналған арнайы әзірленген шүмектер.
- 1В201 1В001 немесе 1В101 тармақтарда бақыланатындардан ерекшеленетін
талшықтарды орауға арналған мынадай машиналар және тиісті
жабдық:
- (N3B4) а. Төменде санамаланған сипаттамалардың барлығына ие
талшықтарды орауға арналған машиналар:
1. Орналастыру, өрнектеу және орау жөніндегі
қозғалыстары екі немесе одан көп;
2. "Талшықты және жіп тәрізді материалдардан"
"композициялық" немесе қабатты құрылымдарды
дайындау үшін арнайы жасалғандар, және
3. Цилиндрлі роторлардың орау мүмкіндігінің диаметрі
75-тең 400 мм-ге дейін және ұзындығы кемінде 600
мм;
- b. 1В201.а тармаққа сәйкес бақыланатын жабдыққа
арналған үйлестіруші және бағдарламалаушы бақылау
құрылғылары;
- c. 1В201.а тармаққа сәйкес бақыланатын жабдыққа
арналған прециозды реттемелер;
- 1В201 844590000
- 1В225 Сағатына 250 Г фтордан астам қуаттағы фторды өндіруге арналған
(N3B1) электролитикалық ұяшықтар.

1B225

854330000

1B226 (N3B5) Ион түйіннің 50 мА немесе одан астам жалпы тоғын қамтамасыз ететін иондар үшін әзірленген немесе бір немесе көп көздермен жарақталған изотоптарды бөлуге арналған электромагнитті сиператорлар.

Ескерту: 1B226 тармағының мынадай сиператорларға қатысты:

- a. Тұрақты изотоптарды байытуды қамтамасыз ететін.
- b. Магнит өрісінде де, сондай-ақ өрістен тысқарыда да болатын ионды көздермен және коллектормен жарақталған.

1B226

840120000

1B227 (N4B3) Негізгі газдар (азот пен сутегі) жоғары қысымдағы аммиак-сутегі алмасу колоннасынан шығарылатын, ал синтезделген аммиак дәл сол колоннаға қайта оралатын аммиакты синтездейтін конверторлар немесе аммиакты синтездейтін секциялар.

1B227

840120000

1B228 (N4B2) Мынадай сипаттамалардың бәріне ие сутегілік криогенді дистилляциялық колонналар:

0

- a. 35 К (-238 С) немесе одан төмен ішкі температуралар кезіндегі жұмысқа арналған;
- b. 0,5-тен 5 МПа (5-тен 50-ге дейін) ішкі қысым кезіндегі жұмысқа арналған;
- c. Мыналардан әзірленгендер:
 1. Күкірт аз бар және дәннің мөлшері 5-номерлі немесе одан астам ASTM-нің стандарты бойынша (немесе баламды стандарт бойынша) 300 сериялы "ұсақ дәнді тоттанбайтын болаттан", немесе
 2. екі сутегімен сыйысымды басқа баламды криогенді материалдардан; және
- d. Ішкі диаметрі 1 м кем емес тиімді ұзындығы 5 м кем емес.

1B228

841940000

1B229 Мынадай су-күкірт сутегі алмасу колонналары және оларға
(N4B1) арналған контакторлар:

Ерекше ескерту: Ауыр суды өндіру үшін арнайы жасалған немесе дайындалған колонналарға қатысты 0B004.

a. Мынадай сипаттамалардың бәріне ие су-күкірт-сутегі алмасу колонналары:

1. 2 МПа және одан астам бастапқы қысым кезінде жұмыс істеуге қабілетті;
2. ASTM стандарты (немесе баламды стандарты бойынша) түйіршігінің мөлшерінің нөмірі 5 немесе одан артық жоғары сапалы көміртегілі болаттан дайындалатын, және
3. Диаметрі 1,8 м немесе одан астам;

b. 1B229.a тармаққа сәйкес бақыланатын су-күкірт-сутегілік алмасу колонналарына арналған ішкі контакторлар.

Техникалық ескертпе:

Ішкі колонналардың "ішкі контакторлары" жиналған түбінде диаметрі 1,8 м немесе одан астам болатын, дәл байланыс жасауға қарсы қамтамасыз ету үшін құрастырылған және көміртегі 0,03% немесе одан кем тоттанбайтын болаттан дайындалған бөліктелген тәрелкелер болып табылады. Торлы тәрелкелер, білікті тәрелкелер, қалпақты тәрелкелер және спиральды қондырғылар олар бола алады

1B229

840120000

1B230 Мынадай сипаттамалардың барлығына ие, сұйық аммиактағы
(N4A2) (KNH₂/NH₃ араластырылған концентрацияланған калий амидінен катализатордың ерітінділерін айдауға арналған насостар:

a. Герметикалы (яғни герметикалық дәнекерленген);

- b. Өндіргіштігі 8,5 текше м/с жоғары; және
- c. Мынадай сипаттамалардың кез келгені:
 1. Жұмыс қысымы 1,5-60 МПа (15-600 ат) (pp) калий амидінің концентрацияланған ерітінділеріне арналған (1% жоғары астам) немесе, және
 3. Жұмыс қысымы 20-60 МПа (200-600 ат) калий амидінің араластырылған ерітінділеріне арналған (1% кем).

1B230

8413

1B231 Мына секілді тритийге арналған қондырғылар мен жабдық.
(N2B1)

a. Тритийді өндіруге, қалпына келтіруге, алуға концентрациялауға немесе сақтауға тасымалдауға арналған қондырғылар;

b. Мына секілді тритийді орнатуға арналған жабдық:

0

1. 150 ватт астам жылу бөле отырып 23К (-250 С) температураға дейін немесе одан төменге салқындатуға қабілетті сутегілі немесе гелийлі салқындатқыш қондырғылар; немесе
2. Металл гибридтерін жинақтауға немесе тазалауға пайдаланылатын сутегі изотоптарын жинақтау мен тазалауға арналған жүйелер;

1B321, a

8401

1B321, b, 1

8418

840120000

841950900

841989900

1B321, b, 2

840120000

1B232 Мынадай сипаттамаларға ие турбо кеңейткіштер немесе
(N4A3) қондырғы турбо кеңейткіш-компрессор:

0

- a. 35 К (-233 С) төмен температура кезінде пайдалану үшін құрастырылған және
- b. Газ түріндегі сутегі бойынша 1000 кг/с немесе одан астам өткізу қабілетіне ие;

1В232 841430910

1В233 Мына секілді литий изотоптарын бөлуге арналған қондырғылар мен
(N2B2) жабдық:

- a. Литий изотоптарын бөлуге арналған қондырғылар;
- b. Литий изотоптарын бөлуге арналған жабдық:
 - 1. Литийдің амальгамы үшін арнайы әзірленген сұйық-қондырғылы сұйықты алмасуға арналған колонналар;
 - 2. Ртутқа және/немесе литийдің амальдануына арналған насостар;
 - 3. Литийдің амальдануына арналған ұяшықтар;
 - 4. Литийдің гидроқышқылының концентрацияланған ерітінділеріне арналған буландырғыштар;

1В233	840120000
1В233, b, 1	840120000
	847989800
1В233, b, 2	841381900
1В233, b, 3	854330000
1В233, b, 4	840120000
	841989900

1С Материалдар

Техникалық ескерту:

1С001 бастап 1С012 дейінгі тармақтардағы барлық жерде анық өзге анықтама берілмеген "металдар" және "күймалар" терминдері мынадай өңделмеген және жартылай фабрикат нысандарды қамтиды:

өңделмеген нысандар:

анодтар, шарлар, белдеулер (кесілген белдеулер мен сымды белдеулерді қоса алғанда), метал дайындамалар, блоктар, болат көшірмелер, брикеттер, кесінділер, катоктар, кристалдар, кубтар, стакандар, дәндер, түйіршіктер, қорытпалар, құйма, жентектер, жаңқалар, ұнтақ, сақина, бытыра, сляп, дұрыс емес нысандағы металдың бөлшектері, көпірмелер, сабақшалар;

Жартылай фабрикаттық нысандар (олардың беттегендігіне, анодталғандығына, тесілгендігіне не нығыздалғандығына қарамастан):

- a. жүргізу, сүйрету, ыстық қалыптау қыса отырып, пісіру, импульстік қысу, тығыздау, ұсақтау, тозаңдату және бүркілеу жолымен алынған белгілі бір нысандар немесе өңделген материалдар, атап айтқанда:
бұрыштықтар, швеллерлер, сақиналар, дискілер, шаң, қытырлақтар, фольга және жапырақ пісіргіштер, плиталар, ұнтақ, тығыздалып немесе қалыпқа салынып жасалған бұйымдар, таспалар, планецтер, сабақшалар (пісірілген көсек сабақшаларды, сымды сабақшаларды, және сырғытылған сымдарды қоса алғанда), профильдер, нысандар, жапырақтар, белдеулер, түтіктер және түтікшелер (түтікті сақиналарды, түтікті, тік үшбұрыштарды және белдеулік түтіктерді қоса алғанда), созылған немесе экструдерленген сымдар;
- b. жоғары қысыммен алынған құйманың "шлакты нысандарын" қоса алғанда (балқытылатын модельдер) құмда матрицада, металда, пластикте немесе материалдардың басқа үлгілерінде құйылып алынған құю материалы (құймалар) және ұнтақтық металлургияның көмегімен алынған нысандар.

Бақылаудың тізбегі аяқталған бұйымдарға берілетін нысандардың Тізімінде көрсетілмеген, бірақ шын мәнінде бақыланатын дайындамалардың немесе жартылай фабрикаттардың экспортымен бұзылмауы тиіс.

1C001 Мыналар секілді электр магнитті толқындарды жұтуға арнайы арналған материалдар немесе электр өткізгіш полимерлер:
(W1&2)

(M17a/b) Ерекше ескерту: Сондай-ақ 1С101 қараңыз.

а. 2 x 10 ГЦ-дан асатын, бірақ 3 x 10 Гц аз жиіліктерде толқындарды жұтуға арналған материалдар.

Ескерту: 1С001.а. тармақ бойынша мыналар бақыланбайды:

а. Абсорберциялау үшін магниттік емес жүктелімі бар натуралды және жасанды талшықтардан дайындалған шаш түріндегі абсорберлер;

б. Магниттік шығындалуы жоқ абсорберлер, олардың жұмыстық үстіңгі беті пирамидалардың, конустардың, сыналардың және спираль түріндегі үстіңгі бетті қоса алғанда тегіс болып табылмайды;

с. Мынадай сипаттамалардың бәріне ие тегі абсорберлер:

1. Мынадай материалдардың кез келгенінен дайындалғандар:

а. +(-) 15% құлайтын энергияның орталық жиілігінен астам ерекшеленетін және

0

450 К (177 С) асатын

температураларға қарсы тұруға

қабілетсіз толқындардың

диапазонындағы металмен салыстырғанда

көрсету коэффициентін 5% астамға

қамтамасыз ететін байланыстырушы

отырғызбаларды қоса алғанда

көміртегімен толықтырылған

пенопластикалық материалдардан

(икемді немесе икемсіз) немесе

органикалық материалдардан; немесе

б. +(-) 15% құлайтын энергияның орталық жиілігінен астам ерекшеленетін және

0

800 К (527 С) асатын

температураларға қарсы тұруға

қабілетсіз толқындардың

диапазонындағы металмен салыстырғанда

көрсету коэффициентін 20% астамға қамтамасыз ететін байланыстырушы отырғызбаларды қоса алғанда көміртегімен толықтырылған пенопластикалық материалдардан (икемді немесе икемсіз) немесе органикалық материалдардан; немесе

Техникалық ескерту:

С001.а. тармаққа арналған және 1.с.1 ескертулер тест өткізу үшін үлгілер сәулеленетін элементтің қиыр аймағында орналасқан орталық жиіліктегі толқындардың кемінде бес ұзындығы бар жағымен квадрат нысанында болуы тиіс.

2. созылу беріктігі 7×10 Н/кв. м кем; және 3 қысу беріктігі 14×10 Н/кв. м кем;

d. Пісірілген ферриттен орындалған мыналары

бар тегіс абсорберлер:

1. үлестік салмағы 4,4-тен астам; және
2. ең жоғарғы жұмыс температурасы 548 K
 0
(275 C)

Ерекше ескерту: 1С001.а тармақ бойынша, сондай-ақ

өзінің құрамында магниттік материалдар бар, толқындарды жұтуды қамтамасыз ететін бояулар да бақыланады;

b. $1,5 \times 10$ Гц асатын, бірақ $3,7 \times 10$ Гц төмен және көрінетін жарық үшін мөлдір емес жиіліктерде толқындарды жұтуға арналған материалдар;

c. Мынадай полимерлердің кез келгенінің негізінде орындалған 10000 см/м жоғары көлемдік электр өткізгіштіктегі және 100 Ом/кв.м үстіңгі бетінің үлестік

қарсыласуындағы электр өткізгіш
полимерлі материалдар:

1. Полианилин;
2. Полипиролл;
3. Политиофен;
4. Полифенилен-винилен; және
5. Политиенилен-винилен

Техникалық ескерту:

Көлемдік электрөткізгіштік пен
үстіңгі беттің үлестік

қарсыласуы ASTM D-257

стандарттық әдістемесіне немесе
оның ұлттық баламына сәйкес
айқындалуы тиіс.

1C001, a	381519000
	391000000
1C001, b	381519000
	391000000
1C001, c, 1	390930000
1C001, c, 2	391190900
1C001, c, 3	391190900
1C001, c, 4	391190900
1C001, c, 5	391190900

1C002 Мынадай үлгідегі метал құймалар, метал құймалардың
ұнтақтары немесе балқытылған материалдар:

(W) Ерекше ескерту: 1C202 қараңыз.

Ескерту: 1C002 тармақ бойынша топырақпен жабуға арналған
метал құймалар, метал құймалардың ұнтақтары немесе
балқытылған материалдар бақыланбайды.

a. Метал қорытпалар, мыналар, секілді:

1. Төменде санамаланған шикізат немесе жартылай
фабрикат түріндегі алюминиттер нысанындағы

никельдің немесе титанның негізіндегі құймалар:

- a. Алюминийдің ең аз 15%, ең көп 38% (салмағы бойынша) алюмин бар және құйманың кемінде бір элементі бар никельді алюминидтер;
- b. 10% (салмағы бойынша) немесе одан көп алюминий және құйманың кемінде бір элементі бар титанды алюминидтер

2. Ұнтақ металл құймасынан дайындалған немесе 1С002.в тармақ бойынша бақыланатын бекіту материалдары бар металл құймалар, мыналар секілді:

a. Никельді құймалар:

0

- 1. 923 К (650 С) температура кезінде 676 МПа деңгейінде жүктелу жағдайында үзілгенге дейін 10000 сағат немесе одан астам пайдалану мерзіммен; немесе

0

- 2. 823 К (550 С) температура кезінде және 1095 МПа барынша жүктеу кезінде 100000 немесе одан көп циклдық шаршаудың төмен көрсеткішімен;

b. Ниобийлі құймалар:

0

- 1. 1073 К (800 С) температура кезінде 400 МПа деңгейінде жүктелу жағдайында үзілгенге дейін 10000 сағат немесе одан астам пайдалану мерзіммен; немесе

0

- 2. 973 К (700 С) температура кезінде және 700 МПа барынша жүктеу кезінде 100000 немесе одан көп циклдық шаршаудың төмен көрсеткішімен;

(N2C13)

c. Титанды құймалар:

0

1. 723 К (450 С) температура кезінде 200 МПа деңгейінде жүктелу жағдайында үзілгенге дейін 10000 сағат немесе одан астам пайдалану мерзіммен;

0

2. 723 К (450 С) температура кезінде және 400 МПа барынша жүктеу кезінде 100000 немесе одан кеп циклдық шаршаудың төмен көрсеткішімен;

(N2C1)

d. Созылуға берік алюминийлі құймалар:

0

473 К (200 С) кезінде 240 МПа немесе одан артық; немесе

0

2. 298 К (25 С) температура кезінде 415 МПа деңгейінде жүктелу жағдайында үзілгенге дейін 10000 сағат немесе одан астам пайдалану мерзіммен;

e. ASTM G-31 әдістемесінің стандартына немесе оның ұлттық баламына сәйкес өлшенген натрий хлоридінің 3% судағы ерітіндісінде созылуға беріктігі 345 МПа немесе одан астам және жылына тоттану жылдамдығы 1 мм-нен кем магнители құймалар;

Техникалық ескерту:

1. 1С002.а тармағында көрсетілген металл құймаларға басқа элементтерге қарағанда көрсетілген металдың жоғары проценті барлары (салмағы бойынша) жатады

2. Үзілуге дейінгі пайдалану мерзімі деп ASTM E-139 стандарттық әдістемесіне немесе оның ұлттық баламына сәйкес айқындау керек.

3. Циклдық шаршау көрсеткіші "циклдердің саны мен тұрақты амплитуда кезіндегі шаршауға тез

жүргізу жөніндегі ұсынылымдар" ASTM E-606 стандартының әдістемесіне немесе оның ұлттық баламына сәйкес айқындалуы тиіс. Тест жүргізуді бірлікке тең жүктеудің орташа көрсеткішінің мәні және бірлікке тең жүктеудің шоғырлану коэффициенті (K) кезінде негізгі бағытта жүргізу керек. Орташа жүктеме ең жоғары және ең төмен жүктеменің ең жоғары жүктемеге біржолғы бөлінуінен жекеше түрінде айқындалады.

- b. Мыналар секілді 1C002.a тармақ бойынша бақыланатын материалдарға арналған металл құймалардың ұнтақтары немесе материалдардың бөліктері:
1. Мынадай кез келген композициялық жүйелерден дайындалған:
Техникалық ескерту:
X бұдан әрі құйманың құрамына кіретін бір немесе одан көп элементтерге сәйкес келеді.
 - a. Двигательдердің турбиналарының бөліктерінің немесе компоненттерінің құрамына пайдалануға арналған, яғни құйманың 10 бөлшектеріне 100 км -нен ірі 3 металл емес бөлшектен аз (өндіру процессінде енгізілген) никельді құймалар (Ni-A1-X, Ni-X-A1);
 - b. Ниобилі құймалар (Nb-A1-X және Nb-X-A1, Nb-Si-X немесе Nb-X-Si, Nb-Ti-X немесе Nb-X-Ti);
 - c. Титанды құймалар (Ti-A1-X or Ti-X-A1);
 - d. алюминилі құймалар; (Al-Mg-X немесе Al-X-Mg, Al-Zn-X, Al-Fe-X немесе Al-X-Fe);
 - e. Магнилі құймалар (Mg-Al-X or Mg-X-Al); және
4. Төмендегі мына процестердің көмегімен бақыланатын ортада дайындалғандар:
- a. Вакуумдық тозандану;
 - b. Газдық тозандану;
 - c. Орталықтан тепкіш тозандану;
 - d. Күрт салқындау;
 - e. Құйманы спинингтеу және кристаллизация;

f. Құйманы экстракциялау немесе спинингтеу;
g. Механикалық лигерлеу;

с. 1С001.в. тармақ бойынша бақыланатын металл құймалар немесе материалдардың бөліктері үшін ұнтақ өндіру кезінде пайдаланылатын күрт салқындату, спинингтік балқыту немесе балқыту экстракциясы әдісімен бақыланатын ортада дайындалатын ұсақталмаған дәндер, жаңқалар немесе жіңішке өзекшелер түріндегі балқытылған материалдар.

1С002, а, 1, а	750220000
1С002, а, 1, b	810810100
1С002, а, 2, а	750220000
1С002, а, 2, b	811291310
	811291310
1С002, а, 2, с	810810100
1С002, а, 2, d	760120
	760429100
	760820910
	760820990
1С002, а, 2, е	8104
1С002, b, 1, а	750400000
1С002, b, 1, b	811291310
	811291310
1С002, b, 1, с	810810100
1С002, b, 1, d	7603
1С002, b, 1, е	810430000
1С002, b, 2	
1С002, с	750300900
	750400000
	750512000
	760200100
	760320000
	760429100
	810430000
	810490000
	810810100

810810900
810890300
811291310
811291390
811299300

1C003 Мынадай сипаттамалардың қандай да болмасын біріне ие барлық
(W) үлгідегі және кез келген нысандағы магниттік материалдар:

- a. Бастапқы салыстырмалы магниттік сезгіштік, өткізгіштік 120000 немесе одан астам және қалыңдығы 0,005 мм немесе одан кем
Техникалық ескерту:
Бастапқы салыстырмалы моменттік өтушілікті өлшеу толық күйдірілген материалдарды пайдалана отырып жүзеге асыруы тиіс.
- b. Мынадай сипаттамалардың кез келгеніне ие магнитті-стрициялық құймалар:
1. Магнитті стрижиялы молықтыру 5 x 10 А астам; немесе
2. Магнитті механикалық тістесудің коэффициенті (K) 0,8-ден артық немесе
- c. Мынадай сипаттамалардың бәріне ие құйманың аморфты немесе онакристалды жаңқасы:
1. Кем дегенде 75 % (салмағы бойынша) темірден, кобальттан немесе никельден тұрады.
2. Магниттік молықтыру индукциясы (Ba) 1,6 немесе одан астам; және байыту
3. Мына төмендегінің кез келгені:
a. Жаңқаның қалыңдығы 0,02 артық емес; немесе
b. Үлестік электрлік қарсыласу 2 x 10 Ом/см немесе артық;
Техникалық ескерту:
1.3.3.3 тармақта көрсетілген нанокристалды материалдар 50 нм немесе одан кем мөлшердегі кристалдық дәні бар материалдар болып табылады, бұл рентген сәулелерінің дифракциясымен айқындалады.

1C003, a	850511000
	850519
	850519100
	850519900
1C003, b	720690000
1C003, c	7206
	75040000
	8105

1C004 Темір, никель немесе мыстың негізінде матрицасы бар, және барлық мынадай сипаттамаларға ие уран-титанды құймалар немесе вольфрамды құймалар: немесе

- Тығыздығы 17,5 г/текше см жоғары;
- Қыржымдалу шегі 1250 МПа жоғары;
- созылуға беріктігінің шегі 1270 МПа астам;
- Салыстырмалы ұзаруы 8% жоғары;

1C004	284410000
	810810100
	810199000

1C005 Ұзындығы 100 м-дан астам немесе массасы 100 г-дан асатын мыналар секілді аса өткізгіш композициялық өткізгіштер:

- Бір немесе бірнеше ниобилі-титанды жіптері бар көп жіпті аса өткізгіш композициялық өткізгіштер:
 - Матрицаға мыстан емес немесе мысы бар материалдардың негізінде емес матрицаға жатқызылған; немесе
 - Көлденең қиылысу алаңы 0,2 x 10 шаршы мм (дөңгелек қиылысу жіптері кезінде диаметрде 6 мкм);
- Бір немесе одан көп аса өткізгіш жіптерден тұратын, титан ниобатынан орындалмаған, барлық мынадай сипаттамаларға ие аса өткізгіш композициялық өткізгіштер:
 - Нөлдік магниттік индукциялау кезіндегі шиеленісті 9,85 К
 0 0
 (-263,31 С) температурасы асатын, бірақ 24 К (-249,16 С)

С) төмен емес;

2. Көлденең қиылысу алаңы кемінде 0,28 x 10 шаршы мм;
және

3. 12 т магниттік индукцияға сәйкес келетін магниттік
0

өрісте бола отырып 4,2 К (-268,96 С) температура
кезіндегі аса өткізгіштік күйінде қалу;

1C005, a 811299300

854419900

1C005, b 854419900

1C006 Мыналар секілді сұйықтар және майлау материалдары:
(W)

a. Мынадай заттар мен материалдардың кез келгенін негізгі
құраушы ретінде болатын гидравликалық сұйықтар:

1. Барлық мынадай сипаттамаларға ие жасанды көмірсутегілі
майлар немесе көміртегі сутегі майының кремний:

Ескерту: 1C006.a. 1 тармақтың мақсаты үшін кремний
көміртегі сутегі майында тек кремний, сутегі
және көміртегі болады.

0

a. Жану нүктесі 477 К (204 С) жоғары;

0

b. Қату нүктесі 239 К (-34 С) немесе төмен;

c. Жабысқақтық коэффициенті 75 немесе одан астам; және

0

d. 616 К (343 С) кезінде термо тұрақты болып табылады;
немесе

2. Мынадай барлық сипаттарға ие құбырлы, фтор
көміртегілері:

Ескерту: 1C006.a. 1 тармағының мақсаты үшін
фторлы-көміртегі тек көміртегіден, фтордан
және хлордан тұрады.

a. Жану нүктесі жоқ; 0

b. Өзінен-өзі тұтану температурасы 977 К (704 С)

жоғары; 0

c. Қату нүктесі 219 К (-54 С) немесе төмен;

d. Жабысқақтық коэффициенті 80 немесе одан астам; және

0

e. Қайнау нүктесі 473 К (200 С) немесе жоғары;

b. Мынадай заттарды немесе материалдарды негізгі құрайтындар ретінде болатын майлау материалдары:

1. Екі эфирліктен немесе тиоэфирлік функциялардан немесе олардың қоспаларынан артық болатын фенилинді немесе алкофенилинді эфирлер немесе теоэфирлі немесе олардың қоспалары; немесе

0

2. 298 К (25 С) температура кезінде 50000 шаршы мм/с (5000 сантистокс) кем кениматикалық жабысқақтықпен сипатталатын фторланған кремний бар сұйықтық;

c. 100 мл-де көлемі 2000 мкм немесе одан астам көлемде 25 бөлшектен аз болатын 99,8% астам тазалық көрсеткішіндегі дымқылдаушы немесе флотерлеуші сұйықтар және мынадай қосылыстармен материалдардың кез келгенінен кем дегенде 85% әзірленген:

1. Дибромтетрафторэтан;

2. Полихлортрифторэтилин (тек майлы және балауыз түріндегі модификациясында); немесе

3. Полибромфторэтилин;

d. Мынадай барлық сипаттарға ие электроникаға арналған фтор көміртегі салқындатушы сұйықтар:

1. Мынадай заттардың немесе олардың қоспаларының кез келгенінің 85% (салмағы бойынша) немесе одан астамы бар:

a. Перфторполиалкилэфиртриазиндардың немесе перфторалифатикалықэфирлердің мономерлі нысандары;

b. Перфторалхламиндер;

c. Перфторсеклоалкандар; немесе

d. Перфторалкандар; 0

2. Тығыздығы 298 К (225 С) кезінде 1,5 г/мл немесе одан астам; 0

3. 270 К (0) кезінде г сұйық күйі;
4. 60% (салмағы бойынша) немесе одан астам фтор бар;

Техникалық ескерту:

1С006 тармақта көрсетілген мақсаттар үшін:

- a. Жану нүктесі ASTM D - 92 стандартының әдістемесінде немесе оның ұлттық баламында сипатталған Кливлент ашық табақшасының әдісін пайдалана отырып айқындалады;
- b. Жану нүктесі ASTM D - 97 стандартының әдістемесінде немесе оның ұлттық баламында сипатталған арнаулы әдісті пайдалана отырып айқындалады;
- c. Жабысқақтық коэффициенті ASTM D - 2770 стандартының әдістемесінде немесе оның ұлттық баламында сипатталған әдісін пайдалана отырып айқындалады;
- d. Термо тұрақтылық мынадай сынақтардың әдістемесіне сәйкес немесе оның баламдарына сәйкес айқындалады:
 1. 20 мл сыналатын сұйық инструментальдық М-10 болатын, 52100 маркалы болаттан және кеме қоласынан (60% Cu, 39% Zn, 0,75% Sn) жасалған бастапқы диаметрі 12,5 мм шар бар 317 үлгісіндегі тоттанбайтын болаттан жасалған көлемі 46 мл камераға сияды;
Камера азотпен үрленген, атмосфералыққа тең қысым
0
кезінде және (644 +(-) 6) К [(371 6 C)] дейін жеткізілген температурада және алты сағат бойы ұсталынып герметизацияланған;
Үлгі егер жоғарыда сипатталған рәсім аяқталуы бойынша мынадай шарттар орындалса термо орнықты деп табылады;
 1. Әрбір шардың салмағын жоғалтуы оның бетінің 10 мг-шаршы метрден аспайды;
0
 2. 311 (38 C) кезінде айқындалған бастапқы жабысқақтықтың өзгерісі 25% аспайды; және
 3. Жалпы қышқылдығы немесе негізі саны 0,40 аспайды;

e. Өзінен-өзі тұтану температурасы ASTM E - 659 стандартының

әдістемесінде немесе оның ұлттық баламында сипатталған әдісін пайдалана отырып айқындалады;

1C006, a, 1	381900000
	290919000
	391000000
1C006, a, 2	381900000
	382390960
	2812
	2826
1C006, b, 1	290230900
	293090800
1C006, b, 2	391000000
1C006, c, 1	290340800
1C006, c, 2	390469000
1C006, c, 3	390469000
1C006, d,	

1C007 Мыналар секілді керамикалық негіздегі материалдар,
(W) композициялық керамикалық емес материалдар, композициялық материалдар, керамикалық матрицамен және алдыңғы материалдар:
(M8d) Ерекше ескерту: Сондай-ақ 1C107 қараңыз.

a. Бөлшектердің 5 мкм-ге тең немесе одан кем орташа мөлшері кезінде және бұл ретте бөлшектердің 10% аспайтыны 10 мкм-нен астам мөлшерге ие болады, миллионға 5000 бөлшектен аз деңгейде арнаулы қосуларды болдырмай, жиынтық металл қоспасына ие жәй немесе титанның күрделі боридтерінен жасалған негізгі материалдар;

b. Теориялық шектен бастап 98% немесе одан артық тығыздықпен титанның боридтерінің негізінде шикі түріндегі немесе жартылай фабрикат түріндегі композициялық емес керамикалық материалдар;

Ескерту: 1C007.b. образивті материалдарды бақыламайды.

(W1) c. Төмендегі жүйелердің кез келгенінен, созылуға үлестік беріктігі 12,7 x 10 м талшықтармен бекітілген шыны немесе

оксидті матрицалы керамикалы-керамикалы үлгісіндегі композициялық материалдар:

1. Si-n
2. Si-C
3. Si-Al-N or
4. Si-O-N

(W1) d. Матрица карбиттерден немесе кремнийдің, цирконийдің немесе бордың нитридтерінен құрылған бөлшектерді жіп тәрізді кристалды немесе талшықтарды қамтитын тұрақты металл фазалы немесе онсыз керамика-керамика үлгісіндегі композициялық материалдар;

e. Мыналар секілді 1C007.с. тармағы бойынша бақыланатын қандай бір болмасын фазаларды немесе материалдардың фазаларын өндіруге арналған алдыңғы материалдар (яғни арнайы мақсаттағы полимерлі немесе металл-органикалық материалдар):

1. Полидиорганосиландар (кремнийдің карбитін өндіру үшін);
2. Поли силизандар (кремнийдің нитридін өндіру үшін);
3. Поликарбосилазандар (кремнилі, көміртегілі немесе азотты компонентті керамикаларды өндіру үшін);

f. Мынадай желілердің кез келгенімен үздіксіз талшықтармен бекітілген, оксидті немесе шыны матрицалы керамика-керамика үлгісіндегі композициялар:

1. Al_2O_3 ; немесе
2. Si-C-N 0

Ескерту: 1C007.f тармақ 1273 К (1000 С) кезінде 700 МПа 0

кем созылуға беріктік шегі бар немесе 100 С

0

ішінде 100 МПа және 1273 К (1000 С)

Кезінде салыстырмалы созылуы 1% осындай жүйелерден талшықтары бар композициялық материалдарды бақыламайды

1C007, a	280009000
1C007, b	285000900
1C007, c	2849
	285000

	880390990
	930690
1C007, d	880390990930690
1C007, e	391000000
1C007, f	6903
	691490900

1C008 Мыналар секілді фторы жоқ полимерлі заттар:
(W)

- a. 1. Бисмалеимидтер;
2. Хош иісті полиамидимидтер;
3. Хош иісті полиэмидтер;
4. ASTM D 3418 3418 стандарты әдістемесінде сипатталған
0

кұрғақ әдіспен өлшенген 513 К (240 С) астам шыны
тәрізді күйге (Tg) көшу температурасы бар хош иісті
полиэфиримидттер;

Ескерту: 1C008.a тармақ қысыммен немесе сәндік нысандармен
нысан құруға арналған балқымайтын ұнтақтарды
бақыламайды

- b. ASTM D - 648 стандарты әдістемесіне, А әдісіне немесе
оның ұлттық баламдарына сәйкес өлшенген 1,82 Н/ шаршы
0

мм жүктемесі кезінде, 523 К (250 С) жылу деформациясы
температурасы бар және мыналармен үйлесімдегі
термопластикті сұйық кристаллды сополимерлер:

1. Мыналар кез келгенімен:
b. Фенилен бифенилен немесе нафталин; немесе
c. Метиль, тетрабутил немесе фениль орнын басқан
фенилен, бифенилен немесе нафталин; және
2. Мынадай қышқылдардың кез келгені:
b. терефталиктік қышқыл;
c. б-гидроксил-2 нафтоикалық қышқыл; немесе
d. 4-гидроксил бензойндық қышқыл;

- c. Мыналар секілді полиарилендіэфирлі кетондар:

1. Полиэфирэфирокетон (ПЭЭК)
2. Полиэфирокетон-кетон (ПЭЭК)
3. Полиэфирокетон (ПЭК)
4. Полиэфирокетон эфирокетон-кетон (ПЭККЭКК)

- d. Полиарилендік кетондар;
- e. Полиарилендік сульфидтер, арилен тобын білдіретін бифенилен, трифенилен және олардың комбинациялары;
- f. Полибифениленэфирсульфон;

Техникалық ескерту:

1С008 тармақ бойынша бақыланатын материалдар үшін шыны тәрізді күйге (Tg) көшу температурасы құрғақ қолданылатын ескерту: ASTM D 3418 стандартты әдістемесінде сипатталған әдіс пайдалана отырып айқындалады;

1С008, a, 1	292519900
1С008, a, 2	390890000
1С008, a, 3	390930000
1С008, a, 4	390720900
	390791900
1С008, b	390791900
1С008, c	390791900
1С008, d	390791900
1С008, e	391193900
1С008, f	391190900

1С009 Мыналар секілді фтордың өңделмеген қосылыстары:
(W)

- a. Созусыз алынған бета-кристаллиннің 75% немесе одан астам құрылымы бар фторидтің венилидинінің сополимерлері;
- b. Байланысқан фтордың 10% (салмағы бойынша) немесе одан астамы бар фторлы полиэмидтер;
- c. Байланысқан фтордың 30% (салмағы бойынша) немесе одан астамы бар фторлы фосфозенді эластомерлер;

1C009

390469000

1C010 Мыналар секілді органикалық металл немесе көміртегілік
(W) матрицалық композициялық материалдарда немесе қабатты құрылымдарда пайдалануы мүмкін жіп тәрізді немесе талшықты материалдар:

Ерекше ескертпе: Сондай-ақ 1C210 қараңыз.

(N2C7.a) а. Барлық мынадай сипаттамаларға ие органикалық талшықты немесе жіп тәрізді:

1. 12,7 x 10 м жоғары икемділіктің үлестік модулі; және
2. созылудағы үлестік беріктігі 23,5 x 10 м жоғары;

Ескерту: 1C010.a. тармағы бойынша полиэтилен бақыланбайды.

(N2C7.a) б. Барлық мынадай сипаттамаларға ие көміртегілік талшықты немесе жіп тәрізді:

1. 12,7 x 10 м жоғары икемділіктің үлестік модулі; және
2. созылудағы үлестік беріктігі 23,5 x 10 м жоғары;

Ескерту: 1C010.b. тармақ бойынша ұшу аппараттарының құрылымдарының жөндеуге арналған талшықты немесе жіп тәрізді материалдардан дайындалған немесе бірлік парақтарының көлемі аспайтын ламинаттар бақыланбайды;

Техникалық ескерту:

1C010.b. тармақта көрсетілген қасиеттері SACMA (Жетілдірілген композициялық материалдарды өндірушілердің ассоциациясы) ұсынған әдістер мен, 17 бойынша SRM 12 немесе JIS-r-7601 Жапон өнеркәсіп стандарты 6.6.2 параграфы секілді ұлттық баламдармен айқындалуы тиіс және тәжірибелердің көп санының орташа мәндеріне негізделуі тиіс.

(W1) с. Мынадай барлық сипаттарға ие органикалық емес "талшықты немесе жіп тәрізді материалдар":

1. Икемділіктің үлестік модулі 2.54 x 10 м асады; және

0

2. Инертті ортада инертті атмосферада 1,922 К (1,649 С)

асатын балқу, жұмсару, ыдырау немесе сублимация нүктесі.

Ескерту: 1C010 тармақ мыналарды бақыламайды:

1. 3% немесе одан артық (салмағы бойынша) кремнезема, икемділігінің үлестік модулі 10 x 10 м кем дискретті, көп фазалы, поликристаллды глиназимнің талшықтары.
 2. молибденді талшықтармен молибденді құймалардан жасалған талшықтар;
 3. бордың негізіндегі талшықтар;
- 0
4. инертті ортада 2043 К (1770 С) кем балқу, жұмсару, ыдырау және сублимация температурасындағы керамикалық талшықтар;

(W1) д. "Талшықты немесе жіп тәрізді материалдар":

1. Мынадай материалдардың кез келгенінен дайындалған: полиэфиримидтер 1C008.a. тармағы бойынша бақыланады; немесе
 - a. 1C008.a тармағына сәйкес бақыланатын полиэфиримидтерден; немесе
 - b. 1C008.b to тармақтарда айқындалған 1C008.f материалдардан; немесе
2. 1C010.a., 1C010.b. немесе 1C010.c. тармақтарда айқындалған және 1C010.d.1.a. немесе 1C010.d.1.b. тармақтарда айқындалған басқа үлгілердің талшықтарымен байланысты материалдардан тұратындар;

(N2c7.c) е. Қарамаймен немесе талшықтардың пекімен (препреги) импрегнирленген, мынадай үлгідегі металмен немесе көміртегімен (преформа) немесе көміртегі талшықтарының преформаларымен жабылған:

1. 1C010.a., 1C010.b немесе 1C010.c тармақтар бойынша бақыланатын талшықты немесе жіп тәрізді материалдардан дайындалғандар;

(M8a-X) 2. Органикалық немесе көміртегі талшықтарынан немесе жіп тәрізді материалдардан дайындалғандар:

- a. Созылуға арналған үлестік беріктігі 17,7 x 10 м;
- b. Икемділігінің үлестік модулі 10,15 x 10 м асатын;
- c. 1C010.a or 1C010.b тармақтар бойынша бақыланбайтын;

және

d. 1C008 or 1C009.b тармақтар бойынша бақыланатын, шыны

0

секілді күйге көшуі температурасы (Tg) 418 K (145 C)
жоғары немесе фенольді немесе эпоксидті қарамайлы,
шыны тәрізді күйге көшу температурасы (Tg) 383 K

0

(110 C) тең немесе асатын импрегнирленген
материалдар.

Ескерту: 1C010 мыналарды бақыламайды:

a. ұшу аппараттарының құрылымын жөндеуге арналған
көміртегілік талшықтармен немесе жіп тәрізді
материалдармен импрегнирленген м эпоксидті
қарамайдан жасалған матрицалар немесе
препрегтердің бірлікті парақтарының мөлшері 50 x
90 см аспайтын ламинаттар;

b. фенольді немесе эпоксидті қарамаймен
импрегнирленген, шыны тәрізді (Tg) күйге көшуде
0
383 K (110 C) кем температураға және шыны
тәрізді күйге көшкендегі температураға қарағанда
одан төмен қатаю температурасына ие препрегтер.

Техникалық ескерту:

1C010.e тармақ бойынша бақыланатын материалдар үшін
(Tg) шыны тәрізді күйге көшу температурасы құрғақ
әдісті қолдана отырып ASTM D 3418 сипатталған әдіс
пайдаланылып айқындалады. Фенольді немесе эпоксидті
қарамайлар үшін шыны тәрізді күйге көшу температурасы
құрғақ әдіс қолданылып, 1 Гц жиілігі және минутына
0

2 C қыздыру жылдамдығы кезінде ASTM D 4065
сипатталған әдіс пайдаланылып айқындалады.

1C010, a

392690100

1C010, b

3801

392690100

540210100

	540490900
	681510000
	690310000
1C010, c	392690100
	810192000
	810890300-
	810890700
1C010, d, 1, a	540249990
	550190000
	550390900
1C010, d, 1, b	540224990
	550190900
	550390900
1C010, d, 2	
1C010, e	3801
	392690100
	681510000
	681599900
	690310000
	701910
	701920

1C011 Мыналар секілді металдар мен компоненттер:
(W) Ерекше ескерту: Сондай-ақ Әскери жарақтардың бақылаулық тізімін және 1C111-тармақты қараңыз

(M4)

a. Сферикалық, шаң көрінісіндегі, сфироидальды нысаны бар, жентектелген немесе ұнтақталған, цирконидің, магнидің немесе олардың құймаларының 99% немесе одан астамы бар материалдан дайындалған мөлшері 60 мкм-нен кем бөлшектер түріндегі металдар;

Техникалық ескерту:

Ерекше ескерту: 1C011.а тармақта көрсетілген металдар немесе құймалар олар алюминиге, магниге, циркониге немесе белилиге инкапсулирленгеніне-инкапсулергеніне қарамастан бақылануға жатады.

b. 85% немесе одан жоғары тазалықтағы және бөлшектерінің мөлшері 60 мкм немесе одан кем бор немесе бордың карбиді;
Ескерту: 1C011.a тармақта көрсетілген металдар немесе құймалар олар алюминиге, магниге, циркониге немесе белилиге инкапсулирленгеніне -инкапсулирленбегеніне қарамастан бақылануға жатады.

c. Гуанидин нитраты.

d. Нитрогуанидин (NQ) (CAS 556-88-7)

1C011, a	810430000
1C011, b	810910100
1C011, c	280450100
	284990100
	282510000
	283429900
	2904

1C012 Мыналар секілді ядролық алу көздері үшін арналған материалдар:
(W1&2)

a. 238-плутони изотопының 50% (салмағы бойынша) астамы бар кез келген нысанадағы плутоний;

Ескерту: 1C012 тармақ бойынша мыналар бақыланбайды:

a. 1 Грамм немесе одан кем плутонийі бар берулер;

b. Приборларда сезімтал элемент ретінде пайдалану кезінде 3 "тиімді грамм" немесе одан аз плутони бар берулер;

b. Кез келген нысандағы "алдын ала тазартылған" нептуни-237;

Ескерту: 1C012.b тармақ бойынша нептуини-237 1 граммы немесе одан азы бар берулер бақыланбайды;

1C012, a	284420910
	284420990
1C012, b	284440000

1C101 "Ракеталарда" және олардың кіші жүйелерінде пайдалануға арналған, 1C001 тармақтарда сипатталғандардан ерекшелігі бар объектінің "көрінімділігін" азайтуға арналған материалдармен приборлар (мысалы, объектіден радиолокациялық көрсету қабілетін, ультра күлгін/инфрақызыл сигналдарды және акустикалық сигналдарды азайту үшін).

(M17)

1-ескерту: 1C101 тармақ бойынша мыналар бақыланбайды:

- a. Радиолокациялық көрсету қабілетін азайту үшін арнайы әзірленген құрылымдық материалдармен жабулар;
- b. Электромагнитті спектрдің микротолқынды, инфрақызыл немесе ультракүлгін диапазонында көрсету немесе шағылыстыру қабілетін азайту немесе өзгерту үшін арнайы әзірленген бояуларды қоса алғанда, жабулар;

2-ескерту: 1C101 тармақ бойынша спутниктерді термо бақылау үшін арнайы әзірленген бұркеулер бақыланбайды.

1C101

1C102

1C107 1C007 тармақта сипатталғандардан ерекшелігі бар, мыналар секілді графит және керамикалық материалдар:

0

- (M8c)
- a. 288 К (15 С) температура кезінде көлемдік тығыздығы 1,72/ шаршы см немесе одан астам, дәнінің мөлшері 100 микрометр немесе одан кем ұсақ дәнді қайта кристаллдандырылған бөліктік графит, ракеталық қондырғыларға және ғарыш аппараттарының тұмсық бөліктеріне қолдануға арналған перо-немесе талшықты немесе армирленген графит;

Ерекше ескерту: Сондай-ақ 0C004 қараңыз.

- b. Керамикалық "композициялық материалдар" (диэлектрлік тұрақтығы 100 Гц-дан 10000 Гц-ға дейінгі жиіліктер кезінде 6-дан аз), сондай-ақ антенналық сырғытпаларға пайдалануға

арналған тұмсықтық сырғатпаларына қолдану үшін кесіп, күшейтілген күйдірілмеген керамиканың өңдеуге болатын кремнидің бөліктік карбиді.

Ерекше ескерту: Сондай-ақ 0C004 қараңыз.

1C107, a

1C107, b

280450100
284920000
285000300

1C111 (M4) 1C101-тармақта сипатталған ерекшелігі бар, мыналар секілді ракеталық отын және оған арналған химиялық құрауыштар:

a. Ракеталық отын үшін құрауыштар:

1. Әскери Бақылау Тізімдерінде сипатталғандардан ерекшелігі бар салмағы бойынша 97% немесе одан көп алюминий бар диаметрі 500 микрометрден аз бірдей бөлшектерден тұратын сферикалық алюминийлі далап;
Техникалық ескерту:

2. Әскери Бақылаулық Тізімде сипатталғандардан ерекшелігі бар мынадай элементтердің қосылыстардың кез келгенінің 97% көбі бар сферикалық, ұсақ дисперсті немесе сфероидальды нысандардағы, қабатты немесе ұнтақталған бөлшектерінің мөлшері 500 микрометрден кем металл отын:

- a. Цирконий;
 - b. Бериллий;
 - c. Бор;
 - d. Магний; немесе
 - e. a-d тармақтарында сипатталған материалдардың құймалары;
- Техникалық ескерту:

3. Мыналар секілді сұйық қышқылдандырғыштар:

- a. Динитроген триоксид;
- b. Диоксид азота/динитроген тетрооксид;
- c. Динитроген пентаоксид;

в. Полимерлік субстанциялар:

1. Түпкі карбоксилді топтарымен полибутадиен (ТКТП);
2. Әскери Бақылаулық Тізімдерде сипатталғандардан ерекшелігі бар түпкі гидроксилді топтарымен (ТТТП);
3. Полибутадиен-акрилді қышқыл (ПАҚ);
4. Полибутадиен-акрилді қышқыл-акрилонитрил (ПАҚА);

с. Басқа отындық толықтырмалар мен агенттер:

1. Бутацен үшін Әскери Бақылау Тізімдерді қараңыз;
2. Триэтилин гликоль динитрат (ТЭГДН);
3. 2-Нитродифениламин;
4. Триметололэтон тринитрат (ТМЕТН);
5. Диэтилин гликоль динитрат (ДЭГДН);
6. Әскери Бақылаулық Тізімдерде сипатталған ерекшелігі бар туынды фероцен;

Ескерту: 1С111 тармақта сипатталмаған ракеталық отынмен оның химиялық құрауыштарына қатысты Әскери Бақылаулық Тізімдерді қараңыз.

1С111, а, 1	760310000
1С111, а, 2, а	810910100
1С111, а, 2, б	811211000
1С111, а, 2, с	280450100
1С111, а, 2, d	810430000
1С111, а, 2, е	280450100
	811211000
	810430000
	810910100
1С111, а, 3, а	281129300
1С111, а, 3, а	281129300
1С111, а, 3, с	281129300
1С111, б, 1	400220000
1С111, б, 2	400220000
1С111, б, 3	400229000
1С111, б, 4	400259000
1С111, с, 1	290550900
1С111, с, 2	290550900
1С111, с, 3	292144000
1С111, с, 4	290550900

1C111, с, 5 290550900

1C111, с, 6 293100900

1C116 Мынадай сипаттамаларға ие мартенситті-ескіруші болаттар (дисперциялық қатаю үшін орнын ауыстыратын қоспаларды немесе преципитаттар пайдаланатын никельдің жоғары болуымен және көміртегінің төмен болуымен сипатталатын болаттар:

1500 МПа созылу кезіндегі беріктігінің шегі немесе одан астам 293 К (20 градус С) температура кезінде өлшенген пластиндер қалыңдығындағы жапырақтар, белдеулер немесе түтіктер нысанындағы немесе 5 мм немесе одан кем қабырғалар;

1C116 7218-7229

730441900

730449100

1C117 Вольфрам, молибден осы металлдардың біртекті сферикалық (M8e) нысанындағы немесе жылу экрандары шүмек компоненттері, шүмек мойындары және салмақ векторының бақылаудың үстіңгі беттері секілді ракеталық двигательдердің компоненттерін дайындауға

арналған 97% немесе одан астам тазалықтағы диаметрі 500 микрометр немесе одан аз тозаңдатылған бөлшектердің құймалары;

1C117 810110000

1C202 1C002.а.с және d тармақтар сипатталған ерекшелігі бар мынадай секілді құймалар:

(M6f) а. Мынадай сипаттамаларға ие алюминилі құймалар:

1. Созылу беріктігінің шегі 293 К (20 градус С)

температура

кезінде 480 МПа немесе одан астам; және

2. Сыртқы диаметрі 75 мм астам түтіктер немесе цилиндрлік өзектер нысанында әзірленген;

(N2C1) б. Мынадай сипаттамаларға ие титан құймалары:

1. Созылу беріктігінің шегі 293 К (20 градус С) температура кезінде 480 МПа немесе одан астам; және
2. Сыртқы диаметрі 75 мм астам түтіктер немесе цилиндрлік өзектер нысанында әзірленген;

Техникалық ескерту:

Мынадай сипаттамаларға ие "құймалар" деген тіркес термо өңдеуге дейінгі және кейінгі құймаларға қатысты.

1C20, a	760429100
	760820910
	760820990
1C20, b	810890300
	810890700

1C210 1C010.a., b. және e. тармақтарда сипатталғандардан ерекшелігі мыналар секілді "талшықты немесе жіп тәрізді материалдар":

(N2C7.a) а. Мынадай сипаттамалардың кез келгеніне ие көміртегі немесе арамидті "талшықты немесе жіп тәрізді материалдар":

1. Икемділігінің үлестік модулі 12.7 *10 м тең немесе одан артық; немесе
2. Созылуға үлестік беріктігі 23?5*10 м немесе астам;

Ескерту: 1C210.a салмағы бойынша эфирге негізделген талшықтардың үстіңгі беттік модификаторы 0,25% немесе одан астам бар арамидті "талшықты немесе жіп тәрізді материалдар" бақыланбайды:

(N2C7.b) б. Мынадай екі сипаттамаға ие шыны "талшықты немесе жіп тәрізді материалдар":

1. "Серпінділігінің үлестік модулі" 3,18*10 м немесе астам, және
2. "Созылуға үлестік беріктігі" 76,2*10 немесе астам; немесе

(N2C7.c) с. 1C210.a немесе b. тармақтарда көрсетілген көміртегі немесе шыны талшықты немесе жіп тәрізді материалдардан дайындалған термоорнатқыш қарамайымен импрегнирленген үздіксіз жіптер, шүйкелер, пакли немесе ені 15 мм

(препреги) аспайтын таспалар.

Техникалық ескерту:

Қарамай композиттің матрицасын құрайды.

Ескерту: 1С210 тармағындағы "талшықты немесе жіп тәрізді материалдар" деген термин үздіксіз "жалғыз талшықты жіптерді", "шүйкелерді", "тегістегіштерді", "паклиді" немесе "таспаларды" қамтиды

1С210, а	38019090
	540210100
	540490900
	681510000
1С210, б	701910
	701920
1С210, с	3801119900
	392690100
	681599900
	701910
	401920

1С216 1С116, с тармақтарда сипатталғандардан ерекшелігі бар (N2С11) созылуға беріктігінің шегі 293 К (20 градус С) температура кезінде Мпа немесе одан астам мартенситно-ескіруші болаттар:

д. Операциялардың жүйелілігімен, яғни қозғалыстың механикалық берілген бағдарламасына сәйкес жұмыс істейтін автоматты түрде қозғалатын құрылғылармен түрін өзгертетін сервобасқарылмайтын манипуляциялық тетіктер; бағдарлама түрін өзгертеді, бірақ операциялардың жүйелілігі тек қадам сайын, механикалық тіркелген электрлік екіұдай құрылғылардың немесе ретке келтірілетін тіркегіштердің екіұдай сигналы бойынша ғана орындалады;

е. Декарттық координаттарда жұмыс істейтін, сақтау орындарының вертикалды бөлігінің құрамдас бөлігі ретінде дайындалған және орналастыру немесе алу үшін осы сақтау орындарындағыға қол жеткізуді қамтамасыз ету үшін құрастырылған манипуляциялық жүйелер ретіндегі көтергіштер; материалдарға (яғни, металдарға, қорытпаларға немесе композициялық материалдарға) қатысты "аса өткізгіш" электрлік қарсыласуын толық жоғалтуға

кабілетті материалды білдіреді (яғни, шексіз электрлік өткізгіштікке ие болып, Джоулдік қыздырусыз өте күшті электр тоғын өткізуге қабілетті бола алады); материалдың аса өткізгіш күйі температураның функциясы болып табылатын " сыни температурамен" сыни магниттік өріспен және магниттік өрістің де, сондай-ақ температураның да функциясы болып табылатын токтың сыни тығыздығымен сипатталады;

"көзден жас ағызатын газдар" уақытша тітіркендіретін немесе физикалық әсер етуді қатардан шығаратын, оның әсерінен алып кеткен соң бір минуттың ішінде өтіп кететін газдарды білдіреді;

"арнаулы лафет" қаруды орнату үшін құрастырылған кез келген бекітуді білдіреді;

"технология" өнімді "әзірлеу", "өндіру" немесе "қолдану үшін қажет" өзіндік ерекшелікті ақпаратты білдіреді. Ақпарат жазбаша түрде немесе диск, пленка, тұрақты жазатын құрылғылар (ТЖҚ) секілді басқа ақпарат көздерінде немесе құрылғыларда жазылған сызбалар, карталар, диаграммалар, моделдер, кестелер, инженерлік жобалар мен мамандандырулар, басшылықтар мен нұсқаулықтар нысанында болуы мүмкін;

"технологияларға қолданымды "талап етілетін" "технологияның" өндіріштіктің, сипаттамалардың немесе функциялардың бақыланатын деңгейлеріне жеткені немесе асқаны үшін бөлігінде ғана қатысты. Мұндай "технология" түрлі "тауарлар" үшін талап етілуі мүмкін.

"іргелі ғылыми зерттеулер" нақты практикалық мақсаттарға қол жеткізу үшін емес, негізінен табиғаттың іргелі заңдары немесе байқалынған фактілер туралы жаңа білім алу үшін қадам жасалатын эксперименталды немесе теориялық әзірлемелерді білдіреді;

"тәртіпсіздіктерге қарсы күрестің химиялық құралдары" уақытша тітіркендіретін немесе физикалық әсер етуді қатардан шығаратынының әсерінен алып кеткен соң бір минуттың ішінде өтіп кететін газдарды білдіреді. Ұдайы (бүлдірудің айтарлықтай тәуекелі жоқ, және сондықтан медициналық көмек сирек талап етіледі);

"бірінші буынның электронды оптикалық түрлендіргіштері" микроканалды үстірттері жоқ, көп қуысты фотокатодты (S-20 немесе S-25), кіру және шығу талшықты-оптикалық немесе шынылы фронталды әйнектерді пайдаланатын электрстатты фокусталатын электронды түтікшелерді білдіреді;

"ядролық реактор" реактор корпусының ішінде не тікелей өзінде орналасқан тораптар мен конструкцияларды білдіреді, реактордың белсенді аймағындағы қуат деңгейін бақылау мен реттеуге арналған жабдық және тікелей байланысқа түсетін не бастапқы контурдың салқындатқыштарымен

басқаратын компоненттер.

ӘМ1 14,5 мм немесе кем калибрдегі қару-жарақтар мен автоматты қару, оған керек-жарақтар және мыналар секілді оған арнайы жобаланған компоненттер:

- a. Винтовкалар, карабиндер, револьверлер, пистолеттер, автоматты пистолеттер мен пулеметтер;
- b. Әскери мақсат үшін арнайы құрастырылған тегіс сүмбілі қару;
- c. Гильзасыз оқ-дәрілерді пайдаланатын қару;
- d. Бақылануға жататын қару-жарақтарға арналған өшіргіштер, арнайы қондырмалар мен от өшіргіштер, бұған мыналар кірмейді:
 - a. Үрлеу энергиясы 7,5 Дж жоғары және калибрі 4,5 мм астам пневматикалық қару;
 - b. Осы Бөлімде санамаланып көрсетілген бос оқ-дәрілерді және пайдалануға жарамсыз кез келген оқ-дәрілерді пайдалану үшін арнайы құрастырылған ату қаруы;
 - c. Қатардан шыққан ретінде сертификатталған және осы Бөлімде санамаланып көрсетілген кез келген оқ-дәрілердің кез келгенін пайдалану үшін жарамсыз ату қаруы;
 - d. Сүмбілер.

Техникалық ескертпе:

ӘМ.1.b тармаққа сәйкес бақыланатын тегіс ұңғылы қару деп:

- a. 1300 бар жоғары қысым кезінде тексеруден өткен (130 МПа);
- b. 1000 бар (100 МПа) жоғары қысым кезінде қалыпты және қауіпсіз жұмыс істейтін; және
- c. 70 мм астам ұзындықтағы оқ-дәрілерді пайдалануға қабілетті.

ӘМ.1.1. ӘМ 1, ӘМ 2 және ӘМ 5-тармақтарда көрсетілгендерден өзге ӘМ.1.2.-тармақ бойынша бақыланатын тауарларға арналған телескопиялық нысаналар.

ӘМ.1.2. ӘМ 1.b. немесе ӘМ.2.-тармақтарда көрсетілгеннен өзге тегіс ұңғылы қару және оған арнайы жобаланған компоненттер;

Бұған мыналар кірмейді:

- e. Үрлеу энергиясы 7,5 Дж жоғары және калибрі 4,5 мм астам пневматикалық қару;
- f.

1. Өнеркәсіптік аспаптар; немесе
2. Жануарларды жансыздандырып өлтіруге арналған құралдар ретінде құрастырылған пневматикалық немесе патрондық (жару әрекеті) мылтықтар немесе пистолеттер;
- g. Сигналдық пистолеттер.

ӘМ.1.3. Оқтарды ӘМ.1.2.-тармағында көрсетілген "тауарларға" арналған оқ-дәрілер немесе патрондар, және олар үшін арнайы жобаланған компоненттер;

Бұған мыналар кірмейді:

- a. Пневматикалық қару үшін арнайы құрастырылған қорғасын немесе қорғасын құймаларынан әзірленген оқ;
- b. Снарядсыз (бос) нығыздалған оқ-дәрілер не тесілген дәрі камерасымен оқу-жаттығу оқ-дәрілері;

ӘМ 2 Төменде санамаланған 14,5 мм астам калибрлі қару-жарақ пен қару, лақтыру қондырғылар мен аксессуарлар, сондай-ақ олар үшін арнайы құрастырылған компоненттер;

- a. Зеңбіректер, гаубицалар, автоматты зеңбіректер, танкке қарсы ататын зеңбіректер, минометтер, шағын ұңғылы гранатометтер, әскери отатқыштар, ақаусыз жұмыс істейтін танкке қарсы қолданылатын зеңбіректер және оларға арналған бүркеніш жарақтары;

- b. Әскери түтінді, газды немесе пиротехникалық лақтыру қондырғылары немесе генераторлар;

бұған мыналар кірмейді:

Сигналдық пистолеттер.

- c. ӘМ.2 немесе ӘМ.2.b.-тармақтарда көрсетілген қару-жарақтарға арналған нысаналар.

ӘМ 3. ӘМ 1, ӘМ 2 немесе ӘМ 12-тармақтарда көрсетілген қару-жарақтарға арналған оқ-дәрілер және олар үшін арнайы жобаланған компоненттер

бұған мыналар кірмейді:

- a. Снарядсыз (бос) нығыздалған оқ-дәрілер не тесілген дәрі камерасымен оқу-жаттығу оқ-дәрілері;

b. Пневматикалық қару үшін арнайы құрастырылған қорғасын немесе қорғасын құймаларынан әзірленген оқ;

ӘМ 4 Әскери мақсат үшін арнайы құрастырылған төменде санамаланып көрсетілген бомбалар, торпедалар, басқарылмайтын ракеталар, басқарылатын ракеталар және ілеспе жабдық пен аксессуарлар және олар үшін арнайы құрастырылған компоненттер:

- a. Бомбалар, торпедалар, гранаталар, түтінді қылыштар, басқарылмайтын ракеталар, миналар, басқарылатын ракеталар, терең тасталатын бомбалар, бұзу зарядтары, бұзу құрылғылары және оларға жиынтықтар, "әскери пиротехника", патрондар мен имитациялық құрылғылар (осы бұйымдардың қандай да бір болмасын сипаттамаларын имитациялайтын жабдық);
- b. ӘМ.4.а-тармағына сәйкес бақылануға жататын бұйымдарды басқару, бақылау, белсенді ету, дайындыққа келтіру, зарядтау, ұшыру, көздеу, тралерлеу, зарядтан алу, бағдарынан айыру, кедергілер жасау, бұзу немесе детекторлау.

ӘМ.4.1. ӘМ 4.а.-тармаққа сәйкес бақылануға жататындарды қоспағанда әскери мақсат үшін арнайы жобаланған, өзінен-өзі жарылатын құрылғыларды немесе басқа да жарылғыш құрылғыларды басқару, бақылау, бәсеңдету, бағдарсыздандыру, кедергілер жасау, бұзу немесе детекторлау үшін пайдаланылатын аппаратура мен ілеспе жабдық және олар үшін арнайы құрастырылған компоненттер.

бұған мыналар кірмейді:

Электронды басқаруды пайдаланбайтын бақылау жабдығы

ӘМ.4.2. ӘМ.4.а.-тармаққа сәйкес бақылануға жататындарды қоспағанда, бомбалар мен гранаталар және олар үшін арнайы құрастырылған компоненттер.

ӘМ 5 Атысты басқарудың төменде санамаланған аппаратурасы, жауынгерлік әзірлікке келтіру мен құлақтандырудың ілеспе жабдығы, әскери мақсатты арнайы құрастырылған ілеспе аппаратура және қарсы іс-әрекет жасау аппаратурасы, олар үшін арнайы құрастырылған компоненттер;

- a. Зеңбірек нысаналары, бомба бастауға арналған есептеу машиналары, көздеу артиллерия жабдығы және қару-жарақтарды басқару жүйелері;
- b. Нысананы, нысана-нұсқауларды барлау, қашықтықты айқындау, нысананы байқау немесе еріп жүру; нысаналарды анықтау аппаратурасы, деректерді қорыту, тану немесе нысаналарды бірдейлендіру жүйесі; нысаналарды анықтаудың техникалық құралдарын интеграциялау аппаратурасы.
- c. ӘМ.5.a. және ӘМ.5.b.-тармақтарға сәйкес бақылануға жататын бұйымдарға арналған қарсы іс-әрекет аппаратурасы.

ӘМ 6 Әскери мақсат үшін арнайы құрастырылған жер бетіндегі көлік құралдары мен оларға арналған компоненттер

Техникалық ескертпе:

ӘМ6-тармақтағы "жер бетіндегі көлік құралдары" терминімен, сондай-ақ трейлерлер де ұғынылады.

Ескертпе: Әскери мақсат үшін жер бетіндегі көлік құралдарының модификациясы бір немесе одан көп арнайы құрастырылған әскери мақсаттағы компонентті қамтитын құрылымдық, электрлік немесе механикалық өзгерісті білдіреді.

ӘМ 6.1. Жер бетіндегі көлік құралдары, ілеспе жабдық және оларға арналған компоненттер, осы Бөлімнің бір жерлерінде көрсетілгендерден басқа:

- a. Жолсыз жағдайларда пайдалануға жарамды, баллистикалық қорғауды қамтамасыз ету үшін металл немесе металл емес материалдардан әзірленген немесе жарақталған барлық доңғалақты көлік құралдары;
- b. Әскери мақсат үшін арнайы құрастырылған немесе модификацияланған жер бетіндегі көлік құралдарына орнатуға арналған контейнерлер және әскери мақсат үшін арнайы құрастырылған немесе модификацияланған оларға арналған компоненттер.

ӘМ 7 CAS (Chemical Abstract Service) индексіне сілтемелер тек ыңғайлы болуы үшін келтірілді. Осы тармақта сипаттамасы CAS индексін

қамтитын бұйымдар ол осы индекс бойынша жіктелетініне-жіктелмейтініне қарамастан осы тармаққа сәйкес бақылануға жатады.

Мыналар секілді токсикологиялық агенттер, токсинді заттар, көзден жас ағызатын газдар, тиісті жабдық, компоненттер, материалдар мен "технологиялар":

а. Төменде санамаланған токсикологиялық агенттер мен токсинді заттар:

1. Адамдарды немесе жануарларды зақымдау, жабдықтарды істен шығару, астыққа немесе қоршаған ортаға зиян келтіру мақсатында "әскери мақсатқа бейімделген" биологиялық агенттер мен радиоактивті материалдар, сондай-ақ соғыс жүргізудің химиялық құралдары;

2.3-Хинуклидинил бензилат (BZ) (CAS 6581-06-02);

б. "Уландырушы" заттарды дайындауға арналған төменде санамаланған бинарлық және негізгі прекурсорлар:

1. Алкил (метил, этил, н-пропил немесе изопропил фосфонил дифторид (CAS 676-99-3);

2. О-Алкил (Н немесе С10 артық емес, циклоалкилді қоса алғанда). О-2-диалкил (метил, этил, н-пропил немесе изопропил)-аминоэтил, алкил (метил, этил, н-пропил немесе изопропил) фосфониттері мен тиісінше алкилденген және протинирленген тұздар, мысалы, QL: О-этил

2-дизопропиламиноэтил) метил-фосфонит (CAS 57866-11-8);

3. Хлорзарин: О-изопропил метилхлорфосфонат (CAS 1445-76-7);

4. Хлорзоман: О-пинаколил метилхлорфосфонат (CAS 7040-57-5);

с. Мыналар бар "көзден жас ағызатын газдар" мен "уландыратын заттар":

1. Бромбензилцианид (CA)(CAS 5798-79-8);

2. о-Хлорбензилиденмалонитрил (О-хлорбензальмалонитрил) (CS) (CAS 2698-41-1);

3. Фенацилхлорид (w-хлорацетофенон) (CN) (CFS 532-27-4);

4. Дибензол (b, f-1,4-оксазепин (CR) (CAS 257-07-8);

Бұған мыналар кірмейді:

Жеке басты қорғау мақсатына арналған көзден жас ағызатын

газдар немесе жеке қораптағы тәртіпсіздіктерге қарсы күрес құралдары.

d. ӘМ 7.а.-тармаққа сәйкес бақылануға жататын материалдарды немесе заттарды тарату үшін арнайы құрастырылған немесе модификацияланған жабдық және ол үшін арнайы құрастырылған компоненттер;

Ескерту: ӘМ7.д.-тармағы әскери мақсатқа арналған арнайы құрастырылған немесе модификацияланған жабдықты бақылайды

e. ӘМ 7.а.-тармаққа сәйкес бақылануға жататын, уландыратын заттарға қарсы қорғану үшін арнайы құрастырылған "тауарлар" және олар үшін арнайы құрастырылған компоненттер;

Ескерту: ӘМ7.е.-тармағы әскери мақсатқа арналған арнайы құрастырылған немесе модификацияланған "тауарларды" бақылайды

f. ӘМ 7.а.-тармаққа сәйкес бақылануға жататын, заттарды табу немесе айқындау үшін арнайы құрастырылған "тауарлар" және олар үшін арнайы құрастырылған компоненттер;

g. ӘМ 7.а.-тармаққа сәйкес бақылануға жататын, уландыратын заттарды табу немесе айқындау үшін арнайы арналған немесе өңделген "биополимерлер", сондай-ақ оларды өндіру өзіндік ерекшелігі бар клеткалы дақылдар;

Ескерту: ӘМ7.ғ.-тармағы әскери мақсатқа арналған арнайы құрастырылған немесе модификацияланған "тауарларды" бақылайды

h. Уландыратын заттардың әсер етуін залалсыздандыруға немесе төмендетуге арнайы арналған төменде санамаланған "биокатализаторлар", сондай-ақ оларға арналған биологиялық жүйелер:

1. ӘМ 7.а.-тармаққа сәйкес уландыратын заттарды залалсыздандыру немесе төмендету үшін арнайы арналған, биологиялық жүйелермен мақсатты бағытталған селекцияның

немесе генетикалық манипуляцияның нәтижесінде алынған "биокатализаторлар";

2. ӘМ 7.h.1.-тармаққа сәйкес "биокатализаторлардың" синтезі үшін генетикалық ақпараты бар "экспрессия векторлары", вирустар немесе клеткалы дақылдар секілді биологиялық жүйелер;

i. Төменде санамаланған "технологиялар":

1. ӘМ.7.f. бойынша МЛ.7.a.-тармақта көрсетілген токсинді агенттерді "жасауға", "өндіруге" немесе "пайдалануға" арналған технологиялар, тиісті жабдық немесе компоненттер;
2. ӘМ.7.g. көрсетілген "биополимерлерді" немесе клеткалы дақылдарды "жасауға", "өндіруге" арналған "технологиялар";
3. ӘМ.7.h.1. көрсетілген "биокатализаторларды" әскери оқ-дәрілерге немесе материалдарға енгізуге арнайы арналған "технологиялар".

Ескерту 1: ӘМ.7.a. және ӘМ.7.c. сәйкес мыналар бақылануға жатпайды:

- a. хлорциан;
- b. цианисті-сутегі қышқылы;
- c. хлор;
- d. карбонил хлорид (фосген);
- e. дифосген (трихлорметил-хлорформиат);
- f. этилбромцетат;
- g. ксиллбромид;
- h. бензолбромид;
- i. бензилиодид;
- j. броммацетон;
- k. бромциан;
- l. бромметилэтилкетон;
- m. хлорацетон;
- n. этил йодацетат;
- o. йодацетон;
- p. хлорпикрин.

2-Ескерту: ӘМ.7.g., ӘМ.7.h.2. және ӘМ.7.i.3. тармақтарда көрсетілген "технологиялар", клеткалық дақылдар мен биологиялық жүйелер ерекшелік болып табылады. Ауыл

шаруашылығы, фармацевтика, медицина, мал дәрігерлігі, қоршаған ортаны қорғау, тамақ өнеркәсібі немесе ағынды суларды тазарту секілді салаларда пайдаланылатын "технологиялар", клеткалық дақылдар мен биологиялық жүйелер бақылануға жатпайды.

ӘМ 8 CAS-қа сілтеме тек қолайлы болуы үшін ғана келтірілген. Осы тармақтағы CAS индексін қамтитын бұйым осы тармаққа сәйкес осы индекске кіретіндігіне-кірмейтіндігіне қарамастан бақылануға жатады.

Төменде санамаланған "ұрыста қолданылатын жарылғыш заттар" және отын, оның ішінде ракеталық отын, ілеспе материалдар:

а. Мыналар секілді заттар мен олардың қоспалары:

1. 99% немесе одан астам алюминийден тұратын материалдан жасалған бөлшектерінің мөлшері 60 мкм және одан кем сфералық алюминийлі ұнтақ (CAS 7429-90-5);
2. Сферикалық, тоздандырылған, сферодальды, кебек тәрізді немесе ұнтақталған бөлшектерден тұратын, мынадай материалдардың кез келгенінің 99% немесе одан көп мөлшерінен тұратын материалдан әзірленген металл отын:

а. Металдар және олардың қоспалары:

1. Бөлшектерінің мөлшері 60 мкм немесе кем бериллий (CAS 7440-41-7;)
2. Бөлшектерінің мөлшері 3 мкм немесе кем, темір қышқылын сутегімен қалпына келтіру жолымен алынған темір ұнтақ (CAS 7439-89-6;)

б. Мынадай материалдардың кез келгені бар қоспалар:

1. Бөлшектерінің мөлшері 60 мкм кем цирконий (CAS 7440-67-7), магний (CAS 7439-95-4) және олардың қоспалары;
2. Бордан (CAS 7440-42-8) немесе бордың карбидінен (CAS 12069-32-8) әзірленген 85% таза немесе жақсырақ және бөлшектерінің мөлшері 60 мкм кем

отын;

3. Ұнтақты металды немесе өзге де жоғары энергиялы отындық компонентті перхлораттардың, хлораттардың және хроматтардың композициясы;
4. Нитрогуадин (NQ) (CAS 556-88-7);
5. Фтордың басқа галогендермен, оттегімен немесе азотпен компаундтары;
6. Карборандар; декарборан (CAS 17702-41-9), пентаборан және оның туындылары;
7. Циклотетраметилентетранитрамин (CAS 2691-41-0) (HMX); октагидро - 1,3,5,7 - петранитро - 1,3,5,7 - тетразин; 1,3,5,7 - тетранитро - 1,3,5,7 - тетразациклооктан (октоген);
8. Гексанитростильбен (HNX) (CAS 20062-22-0);
9. Гексанитростильбен (DATB) (CAS 1630-08-6);
10. Триаминотринитробензол (TATB) (CAS 3058-38-6);
11. Триаминогуанидиннитрат (TAGN) (CAS 4000-16-2);
12. Титанның стехиометрикалық субгидридi TiH 0.65-1.68;
13. Динитрогликолурил (DNGU, DINGU) (CAS 55510-04-8); тетранитрогликолурил (TAGN, SORGUYL) (CAS 55510-03-7);
14. Тетранитробензотриазолобензотриазол (TACOT) (CAS 25243-36-1);
15. Диаминогексанитродифенил (DIPAM) (CAS 17215-44-0);
16. Пикриламинодинитропиридин (PYX) (CAS 38082-89-2);
17. 3-нитро-1,2,4-триазол-5-он (NTO or ONTA) (CAS 932-64-9);
18. Гидразин (CAS 302-01-2) концентрации 70% немесе одан жоғары; гидразиннитрат (CAS 37836-27-4); гидразинперхлорат (CAS 27978-54-7); Симметрикалық емес диметилгидразин (CAS 57-150-7); монометилгидразин (CAS 60-34-4); симметрикалық емес диметилгидразин (CAS 540-73-8);
19. Перхлораты аммонийдің (CAS 7790-98-9);
20. Циклотриметилентринитрамин (RDX) (CAS 121-82-4); циклонит, T4; гексагидро-1,3,5-тринитро-1,3,5-триазин; 1,3,5-тринитро-1,3,5-триазациклогексан (гексоген); циклонит; T4; гексагидро-1,3,5-тринитро-1,3,5-триазин; 1,3,5-

- тринитро-1,3,5-триазациклогексан (гексоген);
21. Нитраты гидроксиламмонийдің (HAN) (CAS 13465-08-2);
перхлорат гидроксиламмония (HAP) (CAS 15588-62-2);
 22. 2-(5-цианотетразолато) пентааминкобальт (III)
перхлорат (CP немесе) (CAS 70247-32-4);
 23. Цис-бис (5-нитротетразолато) тетраамин-кобальт
(III) перхлорат (BNCP немесе);
 24. 7-Амино-4,6-динитробензофуразан-1-оксид (ADNBF)
(CAS 97096-78-1); аминодинитробензофуроксан;
 25. 5,7-Диамино-4,6 - динитробензофуразан -1 - оксид
(CAS 117907-74-1), (CL-14 немесе
диаминодинитробензофуроксан);
 26. 2,4,6-тринитро-2,4,6 - триназациклогексанон (К-6
немесе Кето-RDX) (CAS 115029-35-1);
 27. 2,4,6,8-тетранитро-2,4,6,8-тетраазабицикло-
(3.3.0) октан-3-он (CAS 130256-72-3)
(тетранитросемигликолурил, К-55 немесе
кетобициклдік НМХ);
 28. 1,1.3 - тринитроазетидин (TNAZ) (CAS 97645-24-4);
 29. 1,4,5,8-тетранитро-1,4,5,8-тетраазадекалин
(TNAZ) (CAS 135877-16-6);
 30. Гексанитрогексаазаизовюрцитан (CAS 135285-90-4)
(CL - 20 немесе HNIW); клатрати CL - 20;
 31. Төрт титротоптарға қарағанда полинитрокубан;
 32. Динитрамид аммония (ADN немесе SR 12) (CAS 140456-
78-6);
 33. Тринитрофенилметилнитрамин (тетрил) (CAS 479-45-8);

в. Мынадай сипаттамаларға ие жарылғыш заттар және ракеталық отын:

1. Детонациясының жылдамдығы 8700 м/с-ден жоғары немесе детонациясының қысымы 340 килобар (ГПа) жарылғыш заттар;
2. ӘМ8-тармақта көрсетілмеген, детонациясының даму қысымы 250 килобар (25 ГПа) немесе жоғары және 0 250 С немесе жоғары температура кезінде 5 минут бойы тұрақты немесе ұзақ болатын органикалық

жарылғыш заттар;

3. ӘМ8-тармағында көрсетілмеген, металданбағандар үшін теориялық үлестік импульсі (қалыпты жағдайлар кезінде) немесе алюминийленген композициялар үшін 270 с-тен жоғары 1.1.00Н сыныбының қатты ракеталық отыны;

4. ӘМ8-тармағында көрсетілмеген, металданбағандар үшін теориялық үлестік импульсі (қалыпты жағдайлар кезінде) немесе алюминийленген композициялар үшін 230 с-тен жоғары 1.3.00Н сыныбының қатты ракеталық отыны;

5. ӘМ8-тармағында көрсетілмеген күштік константасы 1200 кДж/кг жоғары лақтырғыш жарғыш заттар;

6. ӘМ8-тармағында көрсетілмеген, қалыпты жағдайлар

0

кезінде, яғни 68,9 бар (6,89 МПа) кезінде және 21 С температурада 38 мм/сек жоғары жанудың тұрақты жылдамдығын сақтауға қабілетті жарылғыш заттар, ракеталық отын немесе пиротехникалық материалдар; немесе

0

7. Ең жоғары жүктеме кезінде және - 40 температурада

5% астамға созылатын екіұдай негіздегі элестомерлік модификацияланған құйылған ракеталық отын;

с. "Әскери пиротехника";

d. Басқа заттар:

1. Әскери мақсат үшін арнайы құрамның авиациялық отыны;

2. Металдардың стеарттары немесе пальмитаттары (сондай-ақ метал секілді) секілді отақыштарда

немесе тұтандырғыш оқ-дәрілерде пайдалануға арналған арнайы құрамның көміртегі отынын қоюлатушылары бар әскери материалдар (CAS 637-12-7); қоюлатушылар ӘМ1, ӘМ2, ӘМ3;

3. Ингибирленген түтіндеген азот қышқылынан (IRFNA) (CAS 8007-58-7) немесе оттегінің лифторидінен тұратын немесе өзінің құрамында олар бар сұйық қышқылдағыштар;

е. "Аддитивтер" және прекурсорлар:

1. Азидометилметилоксетан (АММО) және оның полимерлері;
2. Мыстың негізгі салицилаты (CAS 62320-94-9); қорғасынның салицилаты (CAS 15748-73-9);
3. Ди (2,2 - динитропропил) формаль (CAS 5917-61-3) немесе Ди (2,2 - динитропропил) ацеталь (CAS 5108-69-0);
4. Ди (2 - фтор-2,2 - динитроэтил) формаль (FEFO) (CAS 17003-79-1);
5. Ди (2 - гидроксипропил) гликольамид (ВНЕГА) (CAS 17409-41-5);
6. Ди (2 - метилазиридинил) метиламинофосфиноксид (метил ВАРО) (CAS 85068-72-0);
7. Диазидометилоксетан және оның полимері (CAS 17607-20-4);
8. Дихлорметилоксетан (ВСМО) (CAS 142173-26-0);
9. Бутадиеннитрилоксид (ВНО);
10. Бутантриолтринитрат (ВТТН) (CAS 6659-60-5);
11. Катоцен (CAS 37206-42-1) (2,2- бисэтилфероценилпропен), фероценкарбонилді сілті; N - бутилфероцен (CAS 319904-29-7); бутацен (CAS 125856-62-4);
12. Динитроазетидин-трет-бутилді тұз;
13. Активті мономерлер, пластификатор та полимерлер, нитро-, азидо-, нитрато-, нитраза- және дифторамино-топтары бар;
14. Поли - 2,2,3,3,4,4 - гексафторпентан-1,5-диолформаль (FPF-1);

15. Поли - 2,4,4,5,5,6,6 - гексафтор 2 - трифторметил - 3 - оксагептан - 1,7 - диолформаль (FPF-3);
16. Полиглицидилазид (GAP) (CAS 143178-24-9) және оның туындылары;
17. Гексабензилгексаазаизовюрцитан (HBIW) (CAS 124782-15-6);
18. 2,2 - ден 2,4-ке дейінгі функционалдығымен, 0,77 мека-г кем гидрооксильді көрсеткішімен, 30 0 кезіндегі 30 С 47 пуаз (CAS 69102-90-5) кем жабысқақтықпен, ұштықты гидрооксилді топтарымен (НТРВ) полибутадиен;
19. 250 м2/г жоғары ерекшелікті беттік алаңымен және бөлшектерінің орташа мөлшері 0.003 мкм немесе кем (CAS 1309-37-1) темірдің аса жұқа тотығы тематит (Fy203);
20. Қорғасынның бета-резорцилаты (CAS 20936-32-7);
21. Қорғасынның саннаты (CAS 12036-31-6), қорғасынның малеаты (CAS 19136-34-6), қорғасынның цитраты (CAS 14450-60-3);
22. Қорғасын-мыс бета-резоцилатты немесе салицилатты хелаттар (CAS 68411-07-4);
23. Нитратометил (метил) оксетан немесе поли (3-нитратометил - 3 -метилоксетан); (поли-NIMMO) (NMMO) (CAS 84051-81-0);
24. 3-Нитраза-1,5-пентандиизоцианат (CAS 7406-61-9);
25. N-Метил-п-нитроанилин (CAS 100-15-2);
26. Метаорганикалық байланыстырушы агенттер, оның ішінде мыналар:
 - a. Неопентил (диалил) окситри (диоктил)-фосфотитанат (CAS 10850-22-2); сондай-ақ 2,2-бис (2-пропенولاتометилбутанолатотрис (диоктил) /фосфат) титан (IV) (CAS 110438-25-1) немесе LICA 12 (CFS 103850-22-2);
 - b. ((2-пропенolato-1) метилпропанолатометил)- (бутанолато 1) трис (диоктил) приофосфато - титанат (IV) немесе KR3538;
 - c. ((2-пропенolato- 1) метилпропанолатометил)- (бутанолато 1) трис (диоктил) приофосфатотитанат

- (IV);
27. Полцианодифтораминооксиэтилен (PCDE);
 28. Полифункциональные азиридинамиды с изофталальной, тримезинатной (ВІТА немесе бутилениминтримезамид), изоциануратной немесе 3- метиладипатной структурой главной цепочки с 2-метил немесе 2-этил
 29. Полиглицидилнитрат немесе поли (нитратометил-оксиран); (Poly-GLYN) (PGN) (CAS 27814-48-8);
 30. Полинитроортокарбонаттар;
 31. Полипиленимин, 2-метилазиридин (CAS 75-55-8);
 32. Тетраацетилдипензилгексаазаизовюрцитан (TAIW);
 33. Тетраэтиленпентаминакрилонитрил (TEPAN) (CAS 68412-45-3); цианоэтилденген полиамин және оның тұзы;
 34. Тетраэтиленпентаминакрилонитрилицидол (TEPANOL) (CAS 68412-46-4); цианоэтилденген полиамин, конденсацияланған глицидолмен және оның тұзымен;
 35. Трифенилвисмут (TPB) (CAS 603-33-8);
 36. Три (2-метилазиридин-1-ил) фосфиноксид (MAPO) (CAS 57-39-6); ди (2-метилазиридинил) (2-(2-гидроксипропоксид) пропиламино) фосфиноксид (BOBBA 8); және басқа да өндірістік MAPO;
 37. 1,2,3-Три (1,2-ди (дифторамино) этокси) пропан (CAS 53159-39-0); аддукт тривиноксипропана (TVOPA);
 38. 1,3,5-трихлорбензол (CAS 108-70-31);
 39. 1,2,4-тригидроксибутан (1,2,4-бутантриол);
 40. 1,3,5,7-тетраацетил- 1,3,5,7-тетраазациклооктан (TAT) (CAS 41378-98-7);
 41. 1,4,5,8-тетраазадекалин (CAS 5409-42-7);
 42. Төмен молекулярлы (10000 кем) поли (эпихлоргидрин) функциональды спиртті топтармен; поли (эпихлоргидриндиол) және триол.

Ерекшелік ретінде: ӘМ8-тармаққа сәйкес бор немесе бор-10 байытылған карбид (бордың жалпы болуы 20% немесе одан артық) бақылануға жатпайды.

ӘМ 9 Олардың әскери емес пайдалануға қайта бейімделгеніне-бейімделмегеніне, жай-күйі мен функционалдық дайындығына,

қару-жарак және қорғау жүйелерінің болуына немесе болмауына, және олар үшін әскери мақсатқа арнап арнайы құрастырылған немесе модификацияланған компоненттерінің болуына немесе болмауына қарамастан, шабуыл немесе қорғаныс іс-әрекеттері үшін арнайы құрастырылған немесе модификацияланған әскери кемелер, кемелер (су үстіндегі немесе су астындағы);

ӘМ 10 Әскери мақсат үшін арнайы құрастырылған төменде санамаланған "ұшу

аппараттары", ұшқышсыз ұшу аппараттары, авиациялық двигательдер және "ұшу аппараттарының" жабдығы, ілеспе жабдық пен компоненттер:

- a. Әскери мақсат үшін арнайы құрастырылған немесе модификацияланған жауынгерлік "ұшу аппараттары" мен компоненттері;
- b. Әскери барлауды, шабуыл жасауды, әскери даярлықты, көліктік авиацияны және әуе десанты әскерін немесе әскери жабдықты, материалдық-техникалық қамтамасыз етуді қоса алғанда әскери пайдалану үшін арнайы құрастырылған немесе модификацияланған басқа "ұшу аппараттары";
- c. Әскери мақсат үшін арнайы құрастырылған авиациялық двигательдер немесе әскери мақсат үшін арнайы құрастырылған немесе модификацияланған оларға арналған компоненттер;
- d. Дистанциялық басқарылатындары мен дербестерін қоса алғанда ұшқышсыз ұшу аппараттары, әскери мақсат үшін арнайы құрастырылған немесе модификацияланған бағдарламаланатын ұшу аппараттары, басқару мен бақылау үшін оларды ұшыру жүйелері, жер бетіндегі қолдау мен ілеспе жабдық, сондай-ақ әскери мақсат үшін арнайы құрастырылған немесе модификацияланған оларға арналған компоненттер;
- e. Ұшақты отынмен әуеде жанармаймен жабдықтауға арналған жабдықты қоса алғанда ӘМ.10.а., ӘМ.10.б тармақтарда көрсетілген "ұшу аппараттарында" немесе МЛ10.с. тармақтағы авиациялық двигательдерде пайдалану үшін арнайы құрастырылған борттық авиациялық жабдық және әскери мақсат үшін арнайы құрастырылған немесе модификацияланған оларға арналған компоненттер;
- f. ӘМ10.а., ӘМ.10.б көрсетілген "ұшу аппараттары" немесе ӘМ10.с. тармақта көрсетілген авиациялық двигательдер үшін арнайы құрастырылған қысыммен отын құйғыштар, қысыммен толықтыра құюға арналған жабдық, шектеулі

- кеңістіктегі іс-әрекетті қамтамасыз ету үшін арнайы құрастырылған жабдық және жер бетіндегі жабдық;
- g. Гермокабинада тыныс алуды қамтамасыз етуге арналған жабдық және "ұшу аппараттарында" пайдалануға арналған биіктік ішінара өтеуші костюмдер, "ұшу аппараттарында" немесе басқарылатын ракеталарда пайдаланылатын аса жүктелуге қарсы костюмдер, әскери қорғаныш шлемдері мен қорғаныш маскалары, сұйық оттегі конверторлары, сондай-ақ катапулттер мен "ұшу аппаратын" экипаждың құрылғылардың пиропатрондарымен іске келтіретін авариялық қалдыруы;
- h. Жеке құрам жүктерді тастау немесе "ұшу аппаратын" тежеу үшін пайдаланатын төменде санамаланған аппараттар:
1. a. Арнайы мақсаттағы десантты нысаналы түсіруге;
b. парашютисші-десантшыларды тастауға арналған парашюттер;
 2. Жүктерді тастауға арналған парашюттер;
 3. Тасталынатын объектілердің, мысалы, құтқару капсюлдерінің, катапулттік орындықтардың, бомбалардың кеңістіктік жағдайын тұрақтандыру мен басқаруға арналған парапандар, тежегішті қондыру парашюттері, тежегіш парашюттер;
 4. Авариялық парашюттердің ашылу ретін және ауамен толықтырылуын реттеуге арналған катапулттік орындықтар жүйесінің тежегіш парашюттері;
 5. Басқарылатын ракеталарға, ұшқышсыз ұшу аппараттарына немесе ғарыш кемелеріне арналған құтқару парашюттері;
 6. Жақындату үшін пайдаланылатын парашюттер және тежегішті қондыру парашюттері;
 7. Әскери мақсаттағы басқа да парашюттер;
- i. Парашюттерде жүктерді тастау үшін ұшырудың автоматты жүйесі; оттегілік жабдықты қоса алғанда, кез келген биіктікте парашюттерді басқарылатын ашумен секіру үшін әскери мақсатқа арнайы құрастырылған немесе модификацияланған жабдық.

ӘМ11 Бақылануы осы Тізімде көзделмеген, әскери мақсат үшін арнайы құрастырылған электронды жабдық және олар үшін арнайы құрастырылған компоненттер.

ӘМ12 Жоғары жылдамдықты кинетикалық энергияны пайдаланатын төменде санамаланған қару-жарақтар жүйесі, ілеспе жабдық пен олар үшін

арнайы құрастырылған компоненттер:

- a. Кинетикалық энергияны пайдаланатын, нысананы атып түсіруге немесе оның тапсырманы орындауына кедергілер жасау үшін оған әсер етуге арнайы құрастырылған қару-жарақтар жүйесі;
- b. Арнайы құрастырылған сынақ жасау және тест өткізу құралдары, сондай-ақ кинетикалық энергияны пайдаланатын снарядтар мен жүйелердің динамикалық сынақтарын жүргізуге арналған диагностикалық жабдық пен мақсаттарды қоса алғанда сынақ модельдері.

Ерекше ескерту: калибрлі оқ-дәрілер немесе тек химиялық ракеталық отын пайдаланылатын қару-жарақтар жүйесіне, сондай-ақ оларға оқ-дәрілерге қатысты. ӘМ1-нен ӘМ4-ке дейінгі тармақтарды қараңыз.

ӘМ13 Төменде санамаланған бронды немесе қорғанышты жабдық конструкциялар мен компоненттер:

- a. Мынадай бронды пластиндер:
 - 1. Әскери стандарттарға немесе техникалық шарттарға сәйкес әзірленген; немесе
 - 2. Әскери мақсатқа жарамды;
- b. Металлдан немесе металл емес материалдардан жасалған әскери жүйелерді баллистикалық қамтамасыз ету үшін арнайы құрастырылған конструкциялар немесе олардың комбинациялары;
- c. Әскери каскалар;
 - мыналардан басқа:
 - a. модификацияланбаған жабдықталмаған және оларға қандай да бір болмасын құрылғылар орнатуға арналмаған кәдімгі болат каскалар;
 - b. Әскери стандарттарға немесе техникалық шарттарға сәйкес әзірленген, немесе баламды бронкеудешелер мен қабатты қорғаныштық костюмдер, немесе олар үшін арнайы құрастырылған компоненттер, бұған мыналар кірмейді: жеке қорғануға арналған костюмдер немесе бронкеудешелер және азаматтық тұтынушылар пайдаланатын оларға аксессуарлар.

ӘМ.13.1 ӘМ13.а., ӘМ13.д. және ӘМ13.с. тармақтарда көрсетілген "тауарлар" үшін арнайы құрастырылған компоненттер.

ӘМ14 Әскери даярлыққа арналған немесе әскери сценарийлерді имитациялауға арналған мамандандырылған жабдық және ол үшін арнайы құрастырылған компоненттер мен аксессуарлар.

ӘМ.14.1. ӘМ14-тармақта көрсетілгеннен басқа, ӘМ1, ӘМ.1.2. немесе ӘМ 2-тармақтарда көрсетілген кез келген қару-жарақты немесе атыс қаруын пайдалануда имитациялық аппаратура, ол үшін арнайы құрастырылған компоненттер мен аксессуарлар;

ӘМ15 Әскери мақсатқа арнайы құрастырылған көру ақпаратын немесе қарсы әрекетті алуға арналған аппаратура және ол үшін арнайы құрастырылған компоненттер мен аксессуарлар:

a. Бейнелерді өңдеуге арналған жазатын құрылғылар мен аппаратура;

c. Камералар, фотографиялық жабдық пен таспаларды өңдеуге арналған жабдық;

d. Электр оптикалық түрлендіргіштер;

e. Инфрақызыл немесе жылулық көрінулер аппаратурасы;

f. Радиолокациялық станциялар мен комплекстер;

g. МL15.a. - МL.15.e.-тармақтарына сәйкес бақылануға жататын жабдық үшін радиолық қарсы әрекет және радиолық қарсы әрекетпен күрес жабдығы.

Бұған мыналар кірмейді:

"бірінші буынның электронды-оптикалық түрлендіргіштері" немесе тек "бірінші буынның электронды-оптикалық түрлендіргіштері" бар немесе оны ұстауға қабілетті болатындай етіп арнайы құрастырылған жабдықтар.

Ерекше ескерту: "бірінші буынның электронды-оптикалық түрлендіргіштерімен" жарақтандырылған қару нысаналарына қатысты, ӘМ1, ӘМ2, ӘМ3-тармақтарды қараңыз.

ӘМ16 Шындамалар, құймалар және басқалар, ішінара өңделген өнімдер, пайдалануға жататын бұйымдарда пайдалануында материалының құрамы, геометриясы немесе функциясы бойынша орнатылуы мүмкін, осы Тізімнің ӘМ1 - ӘМ4, ӘМ6, ӘМ9, ӘМ10, ӘМ12 немесе ӘМ9 -тармақтарға сәйкес бақылануға жататын қандай да бір болмасын бұйымдар үшін арнайы әзірленген.

ӘМ.16.1. ӘМ4.1. немесе ӘМ.1.2. - тармақтарға сәйкес бақылануға жататын бұйымдар үшін арнайы жобаланып әзірленген поковкалар, құймалар және басқа да ішінара өңделген өнімдер.

ӘМ17 Төменде санамаланған түрлі жабдықтар, материалдар, кітапханалар және олар үшін арнайы құрастырылған компоненттер:

a. Суда сүңгу жұмыстары мен су астында жүзеге арналған мынадай дербес аппараттар:

1. Әскери мақсат үшін арнайы құрастырылған (мысалы, магнитті еместерден әзірленген) тұйық немесе жартылай тұйық тізбекті тыныс алу аппараттары (ауаны қайтадан пайдаланатын);
2. Әскери мақсат үшін тұйық тізбекті аппараттарды қайта бейімдеу мақсатында пайдалануға арналған арнайы құрастырылған компоненттер;
3. Тек суға сүңгу жұмыстары және су астында жүзуге арналған дербес аппараттармен әскери мақсат үшін арналған бұйымдар;

b. Әскери мақсат үшін арнайы құрастырылған құрылыс жабдығы;

c. Әскери мақсат үшін арнайы құрастырылған, бүркенішсіздік белгілерін басып тастауға арналған арматура, жабын және құралдар;

d. Ұрыс қимылдары аймағында пайдалану үшін арнайы құрастырылған саперлік жабдық;

e. Мынадай сипаттамалардың кез келгеніне ие "роботтар", "роботтардың" контроллерлері және "роботтардың" "манипуляторлары":

1. Әскери мақсат үшін арнайы құрастырылған;
2. Сырттан баллистикалық жарықшақтардың тесуінен гидравликалық желілерді қорғау құралдарымен жарақталған

0

(мысалы, өзі тартатын желілер) және 839 К (566 С) астам тұтану температурасы бар гидравликалық сұйықтарды пайдалану үшін арналған; немесе

3. Импульстік электр магнитті өріс жағдайындағы жұмысқа арнайы құрастырылған немесе есептелген;

- f. Осы Тізіммен бақыланатын жабдықпен бірлесіп әскери пайдалану үшін арнайы құрастырылған кітапхана (техникалық параметрлердің деректері базасы);
- g. "Ядролық реакторларды" қоса алғанда, әскери мақсат үшін арнайы құрастырылған ядролық энергетикалық қондырғылар немесе атомдық күш қондырғылары және олар үшін әскери мақсатқа арнайы құрастырылған немесе модификацияланған компоненттер;
- h. Әскери мақсат үшін арнайы құрастырылған, осы Тізімде көрсетілмеген тән сипаттарды басып тастауға арналған жабылған немесе арнайы өңделген "тауарлар" немесе материалдар;
- i. Әскери "ядролық реакторлар" үшін арнайы құрастырылған тренажерлер;
- j. Әскери техникаға қызмет көрсету үшін арнайы құрастырылған ұтқыр жөндеу шеберханалары;
- к. Әскери мақсат үшін арнайы құрастырылған далалық генераторлар; және
- l. Әскери мақсат үшін арнайы құрастырылған контейнерлер.

Техникалық ескерту:

ӘМ17 - тармағындағы "кітапхана" термині (техникалық параметрлердің деректер базасы) пайдаланылуы әскери жабдықтың немесе жүйелердің пайдаланылу сипаттарын жақсартып алатын әскери мақсаттағы техникалық ақпараттардың жиынтығы ұғынылады.

ӘМ.17.1 Әскери мақсат үшін арнайы жобаланған немесе модификацияланған көпірлер, понтондар және салдар және олар үшін әскери мақсат үшін арнайы жобаланған немесе модификацияланған компоненттер.

ӘМ18 Осы Тізімде көрсетілген өнімдер өндіруге арналған жабдық және "технологиялар" (конструкциялауды, тексеруді, дайындауды, тест

жүргізуді және сынақтан өткізуді қоса алғанда);

- a. Осы Тізімде көрсетілген бұйымдарды "өндіру" үшін арнайы құрастырылған немесе модификацияланған "өндірістік", "жабдық" және олар үшін арнайы құрастырылған компоненттер;
- b. Қоршаған ортаны бақылаудың арнайы құрастырылған техникалық құралдары және осы үшін арнайы құрастырылған осы Тізімге сәйкес бақылануға жататын бұйымдарды сертификаттауға, сыныптауға немесе тест жүргізуге арналған жабдық;
- c. Нақты "өндірістік" "технология", егер осындай "технология" пайдаланылуы тиіс жағдайдың өзінде, бақылануға жатпайды;
- d. Компоненттерді жобалауға, жинауға арналған "технологиялар", егер тіпті компоненттердің өзі бақылануға жатпаса да, осы Тізімге сәйкес бақылануға жататын бұйымдарды өндіруге арналған бүкіл "өндірістік" жабдықты пайдалану, техникалық қызмет көрсету және жөндеу.

ӘМ18.1. Осы Бөлімге сәйкес бақылануға жататын әскери мақсаттағы "тауарларды" "әзірлеу" немесе "қолдану" үшін арнайы құрастырылған немесе модификацияланған жабдық және сынақ моделдері.

ӘМ19 Бағытталған энергетикалық шоқтарды пайдаланатын төменде санамаланған қару-жарақтар жүйесі, ілеспе жабдық, қарсы әрекет жабдығы, эксперименталды моделдер және оларға арналған арнайы құрастырылған компоненттер:

- a. Нысананы жою немесе оған оның тапсырмасын орындауына кедергі жасауға әсер ету үшін арнайы құрастырылған лазерлік жүйелер;
- b. Бөлшектердің ағынын пайдаланатын, нысананы жоюға немесе оған оның тапсырмасын орындауына кедергі жасауға әсер етуге қабілетті жүйелер;
- c. Нысананы жоюға немесе оған оның тапсырмасын орындауына кедергі

жасауға әсер етуге қабілетті жоғары қуатты радиожиліктегі жүйелер;

d. ӘМ19.а., ӘМ19.б., ӘМ19.с. тармақтарға сәйкес жүйелерді табу, бірдейлендіру немесе одан қорғау үшін арнайы құрастырылған жабдық;

e. ӘМ19-тармаққа сәйкес бақылануға жататын жүйелерді, жабдықтар мен компоненттер үшін физикалық қасиеттерді сынауға және тиісті сынақтардың нәтижелеріне арналған моделдер.

ӘМ20 Төменде санамаланған криогенді және "аса өткізгіш" жабдық, және ол үшін арнайы құрастырылған компоненттер мен аксессуарлар:

a. Жер бетіндегі, теңіздегі, әуе немесе ғарыш көлігі құралында орнатуға арнайы құрастырылған немесе конфигурацияланған, қозғалыс уақытында жұмыс істеуге қабілетті және 103 К (-170 С) төмен температура жасауға немесе ұстап тұруға қабілетті жабдық;

b. Әскери мақсаттағы жер бетіндегі, теңіздегі, әуе немесе ғарыш көлігі құралында орнатуға арнайы құрастырылған немесе конфигурацияланған, қозғалыс уақытында жұмыс істеуге қабілетті "аса өткізгіш" электр жабдығы (айналдыру тетіктері мен трансформаторлар);
бұған мыналар кірмейді:
орамалар генераторлардағы жалғыз аса өткізгіш компоненттер болуы шартымен аса өткізгіш орамалармен генерацияланатын магниттік өрісте айналатын қалыпты бір белдеулі металл зәкірі бар тұрақты тоқтың будан униполярлы генераторлары.

ӘМ21 Төменде санамаланған "бағдарламалық қамтамасыз ету":

a. Осы Тізімге сәйкес бақылануға жататын жабдықтарды немесе материалдарды "әзірлеу", "өндіру" немесе "пайдалану" үшін арнайы құрастырылған немесе модификацияланған "бағдарламалық қамтамасыз ету";

b. Мынадай "бағдарламалық қамтамасыз ету":

1. Мыналар үшін арнайы құрастырылған "қамтамасыз ету":

- a. Қару-жарак жүйелерін моделдеу, имитациялау немесе бағалау;
- b. Қару-жарак жүйелерінің бір бөлігі болып табылатын "бағдарламалық қамтамасыз етуді" "әзірлеу", мониторингі, техникалық қызмет көрсету немесе жаналау;
- c. ӘМ14-тармақта көрсетілмеген әскери операцияларды жүргізу сценарийлерін моделдеу немесе имитациялау;
- d. Басқару, байланыс, бақылау және барлау жүйелерінде пайдалану;

2. Кәдімгі, химиялық және биологиялық қару-жарақтардың пәрменділігін айқындауға арналған "бағдарламалық қамтамасыз ету".

ӘМ21.1. Мынадай басқа әскери "тауарлар" және әскерилендірілген полиция күштеріне арналған "тауарлар":

- a. Тәртіпсіздіктерге қарсы күреске жарамды ретінде дайындаушы және/немесе берімші ерекшелендіріп жасаған акустикалық қондырғы және оларға арналған мамандандырылған компоненттер;
- b. Шерулерді қуып тарқатуға арналған қалқандар және антибаллистикалық қалқандар және олар үшін арнайы жобаланған компоненттер;
- c. Адам үшін арнайы жобаланған аяқ кісендері, қол кісендері, шынжырлар мен электр азаптағыш белдеулер;
Бұған мыналар кірмейді:
Кісендер, олардың тұйықталған күйіндегі ең жоғары мөлшері 240 мм-нен аспайды;
- d. Заттарды істен шығаруға пайдаланылатын, тәртіпсіздіктерге қарсы күреске арналған жылжымалы қондырғылар және оларға арналған мамандандырылған компоненттер;
- e. Су пушкалары және оларға арналған компоненттер;
- f. Басып алу әрекетінен электрлік қорғаумен жарактау үшін арнайы жобаланған немесе модификацияланған тәртіпсіздіктерге

қарсы күреске арналған көлік құралдары, осы мақсат үшін арнайы жобаланған немесе модификацияланған олар үшін компоненттер;

г. Тәртіпсіздіктерге қарсы күреске немесе электрмен естен тандыруға (электр шоқпарларын, электрмен естен тандыру қалқандарын, инемен ататын, электрмен құрбандықты жоятын разрядниктер мен мылтықты (тазерлер қоса алғанда) арналған қолда ұстап жүретін қондырғылар және осы мақсатқа арнайы жобаланған немесе модификацияланған олар үшін компоненттер.

ӘМ22 Технология бойынша жалпы ескертулерге сәйкес, ӘМ.7 және ӘМ18-тармақтарға сәйкес бақыланатын "технологияларды "қоспағанда, осы Тізімде көрсетілген бұйымдарды "әзірлеу", "өндіру" немесе "қолдану" үшін арнайы әзірленген немесе модификацияланған "технологиялар".